Өндірістік емес негізгі қаржы – кәсіпорын балансында орналасқан әлеуметтік сала объектілері (бала бақшалар, мәдениет және спорт объектілері)

Негізгі өндірістік қаржы (қорлар) өзінің бастапқы түрін сақтай отырып, өндірістік процесте бірнеше мәрте қатысады және өз құнын дайын өнімге тұтынылуына қарай бөлшектеп ауыстырады.

Негізгі қаржының топтастырылуы

Өндірістік процестегі тағайындалуына және табиғи-мүліктік белгісіне сәйкес негізгі өндірістік қаржы келесі түрлерге бөлінеді:

1. Жер – қойнауы
2. Ғимараттар - өндірістік -техникалық және әкімшілік тағайындаудағы
3. Имараттар - өндірістік қызметті қамтамасыз ету бойынша техникалық қызмет атқаратын инженерлі-техникалық объектілер, бірақ, олар еңбек өзгерістеріне байланысты емес (тоннелдер, эстакадалар, завод ішіндегі темір жолдық көліктер, контейнерлік алаңдар т.б.)
4. Тасымалдау (тарату) құралдары – электрлік, жылу және механикалық энергияны, сондай-ақ, сұйық және газды заттарды таратуға арналған құралдар (электр желілері, байланыс желілері, бу өткізгіштер және ғимараттардың негізгі бөліктеріне жатпайтын басқа да құралдар)
5. Машиналар және құрылғылар, оның ішінде
 - а) күш машиналары және құрылғылар – энергияны шығару, қайта өндіру және таратуға арналған (генераторлар, электр қозғалтқыштар, бу машиналары және турбиналар, ішкі жану двигателдері, күштік трансформаторлар)
 - б) жұмыс машиналары және құрылғылары – еңбек құралдарына әсер ете отырып, технологиялық процестерге тікелей әсер етеді (престер, жылу құрылғылары т.б.)
 - в) өлшеу және реттеу құралдары мен заттар – өндірістік процестерді қол және автоматты түрмен реттеуге қызмет етеді, технологиялық процестер тәртібінің көрсеткіштерін өлшейді және бақылайды, зертханалық зерттеулер мен сынау жүргізеді.
 - г) Есептегіш техника – кәсіпорынды, өндірісті және технологиялық процестерді басқару мәселелерін шешу, тездету, автоматтандыру үшін қажетті құралдар.

д) көрсетілген топтарға кірмеген техникалық қызмет атқаратын басқа да машиналар мен құрылғылар (АТС, өртке қарсы құралдар мен машиналар)

6. Көліктік құралдар (темір жол кәсіпорындарының жылжымалы составтары, су автокөліктері, зауыт ішіндегі көліктер)

7. Саймандар мен құрылғылар, қызмет мерзімі 1 жылға дейін немесе құны 50 МРП артық.

8. Өндірістік және шаруашылық инвентарлар.

Негізгі қаржы құрылымы

1. НҚ-ның өндірістік құрылымы – негізгі қаржының жеке топтары мен олардың жалпы көлеміндегі ара қатынасын анықтайды.

Оның прогрестілігі негізгі қаржының белсенді бөлігімен анықталады.

Белсенді (активті) бөлігіне еңбек заттарының дайын өнімге айналуына тікелей қатысатын негізгі қаржылар жатады.

Белсенді емес (пассивті) бөлігіне негізгі қаржының белсенді бөлігінің қызметіне жағдай жасайтын НҚ топтары.

НҚ-ның жеке түрлерінің белсенді немесе белсенді емес бөліктеріне жатуы салалық ерекшеліктерге және кәсіпорындағы құрылғының (көліктің) атқаратын рөліне байланысты.

2. НҚ-ның технологиялық құрылымы түрлердің топ ішіндегі алатын орнымен мінезделеді.

3. НҚ-ның мерзімдік құрылымы НҚ құнының жалпы құнындағы мерзімдік топтарымен мінезделеді, 5 жылға дейінгі топтар, 5-10 жыл, 10-20 жыл, 20 жылдан артық.

Негізгі қаржының құрылымына әсер ететін негізгі факторлар:

1. Шығарылатын өнімнің мінездемесі
2. Шығарылатын өнім көлемі
3. Механизациялау және автоматизациялау деңгейі
4. Мамандандыру және кооперациялау
5. Кәсіпорындарды орналастырудың ауа-райлық және географиялық жағдайлары.

Экономика салаларындағы негізгі қорлардың құрылымы бірдей емес. Құрылым техникалық қамтылуды, олардың технологиясының ерекшеліктерін, өндірістің мамандандырылуын және ұйымдастырылуын көрсетеді.

Құрылымды жақсарту жолдары:

1. Құрылғыларды жаңарту, модернизациялау
2. Белсенді бөліктің үлесін арттыру
3. Ғимараттар мен имараттарды пайдалануды жақсарту
4. Артық құрылғыларды жою.

7 ДС. Т-3 Корпорацияның ұзақ мерзімді активтері.

3.3. Амортизация, оны аудару және негізгі капиталды жаңартудағы рөлі.

3.3 Амортизация оның Есептелуі және негізгі капиталды жаңартқандағы рөлі. Амортизацияны Есептеудің әдістері.

Негізгі құралдар табиғи және құндық негізде бағаланады және ескеріледі. Табиғи негізде негізгі құралдарды Есептегенде, машина саны, олардың техникалық мінездемесі, өндіріс көлемінің мөлшері және т.б. сандық өлшемдер белгіленеді. Бұл мәліметтер келесі жағдайларда қолданылады:

1. негізгі құралдардың техникалық құрамын анықтағанда
2. кәсіпорынның өндіріс қарқының Есептегенде
3. өндіріс бағдарламасын жоспарлағанда

Құн түріндегі Есептеме келесі жағдайларда қажет:

1. олардың жалпы өлшемін, құрамын, құрылымын анықтағанда
2. тозу дәрежесін және амортизациялық аударымдарын анықтағанда
3. НҚ тиімді пайдаланудың экономикалық Есептемесінде
4. НҚ қайта құруын кеңейту жоспарында

Тозу, амортизация және НҚ қайта құру. НҚ тозуы.

НҚ өткізгенде немесе жұмыс атқармағанда олар тозуға ұшырайды. Тозудың 2 түрі бар: табиғи және сапалы.

I. Табиғи тозу – НҚ ұзақ жылдар бойы қолданудың салдарынан сынуын және тозуын айтады.

Табиғи тозуды анықтайтын факторлар:

1. НҚ жүктеме дәрежесі
2. еңбек құралдарының сапасы

3. НҚ баптау және ұстау тәртібі
4. жұмысшылар мамандығының деңгейі
5. өндіріс процессінің өту шарттары

Табиғи тозу толық және бөлшектік болып бөлінеді. Толық тозуда жұмыс істеп тұрған НҚ жойылып, жаңа құралдармен ауыстырылады, бөлшектік тозуда өндеу арқылы орнын толтықтырады.

НҚ табиғи тозу дәрежесін бағалау әдісі:

1. эксперттік әдіс объектінің техникалық нақты жағдайын зерттеуге негізделген.
2. қызмет ету мерзімін талдау әдісі – объектіні өткізудің нақты және нормативтік мерзімдерін салыстыруға негізделген

НҚ табиғи тозу дәрежесінің көрсеткіштері:

$$1. I_{\phi} = \frac{T_{\text{нақты}}}{T_{\text{норм}}} * 100\%$$

$T_{\text{нақты}}$ - нақты қызмет ету мерзімі

$T_{\text{норм}}$ - нормативтік қызмет ету мерзімі

немесе

$$2. I_{\phi} = \frac{A}{\Phi_n} * 100\%$$

A- амортизация аударымының сомасы

Φ_n – НҚ бастапқы құны

II. НҚ сапалы тозуы – НҚ толық тозбай құнсыздануы немесе өндіріс үрдісінен шығып қалуы, оның орнына прогрессивті машиналар мен құрылғылардың еңгізілуі. Сапалық тозған құрылғыларды ұстау экономикалық тұрғыдан тиімсіз, себебі өндіргіш қарқыны төмен және бағасы жоғары.

Сапалы тозудың 2 формасын ажыратады:

1 форма еңбек құралдарының қайта құру құнының төмендеуін көрсетеді.

2 форма жаңа, жоғары қарқынды өндіріс техникасының пайда болуын көрсетеді. Оларды қолдану жоғары экономикалық нәтиже береді.

Сонымен қатар сапалы тозу толық және бөлшектік болуы мүмкін.

Толық сапалы тозудың шығындарын өтеу үшін, ескі машиналар мен құрылғыларды жаңа экономикалық тиімді машиналармен ауыстыру қажет.

Бөлшектік сапалы тозуды өтеу үшін, ескірген НҚ модернизациясы мен реконструкциясын өткізу қажет, яғни техникалық жаңарту.

НҚ сапалы тозу дәрежесінің көрсеткіштері:

1. 1-нші формалы сапалы тозу

$$I_{M1} = \frac{\Phi_{\text{баст}} - \Phi_{\text{қалп.келт}}}{\Phi_{\text{баст}}} * 100\%$$

$\Phi_{\text{баст}}$, $\Phi_{\text{қалп.келт}}$ – бастапқы және қалпына келтірілген құны.

2. 2-нші формалы сапалы тозу

$$I_{M2} = \frac{П_{\text{жаңа}} - П_{\text{ескі}}}{П_{\text{жаңа}}} * 100\%$$

$П_{\text{ж}}$, $П_{\text{е}}$ – жаңа және ескі құрылғылардың өндіру қарқыны.

Негізгі құралдардың амортизациясы.

Еңбек құралдарының тозуы оларды ауыстыруды және қайта құруды қажет етеді. Бұл амортизациялық аударым арқылы іске асырылады.

Амортизация – бұл шығарылатын өнімге негізгі құралдардың өндіріс құнын біртіндеп көшіруі.

Өткізу кезіндегі НҚ тозған бөлігін толықтыруға арналған аударымдар амортизациялық деп аталады. Олар жинақталып амортизациялық қорды құрайды.

Амортизацияланатын құн – бұл өндірілген өнімге аударылатын амортизацияның жалпы сомасы. Ол бастапқы және жойылу құнының арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Амортизация нормасы – бұл НҚ құнын жылдық өнімге көшіргендегі жылдық % , олар амортизациялық аударымдардың жылдық сомасының НҚ бастапқы құнына қатынасы ретінде анықталады.

$$H_a = \frac{\Phi_6 - \Phi_{ж}}{\Phi_6 * T_{норм}} * 100\%$$

Φ_6 – НҚ бастапқы құны

$\Phi_{ж}$ - НҚ жойылу құны

$\Phi_6 - \Phi_{ж}$ амортизацияланатын құн

$T_{норм}$ – нормативтік қызмет ету мерзімі

Амортизациялық аударым сомасы Есептеледі:

$$A = \boxed{\times}$$

Амортизацияны Есептеу әдістері

1. Бірқалыпты (тікелей) аударым сомасының әдісі

Бұл ең оңай әдіс, мұнда объектінің амортизациялық құны ай сайын бірдей мөлшерде қосылады.

Амортизациялық аударым сомасы мынаған байланысты анықталады:

а) нормативті (пайдалы) қызмет ету мерзімі

б) Салық кодексында белгіленген амортизацияның шекті нормасы

Мысалы:

2.Өндірістік әдіс – аударым сомасы шығарылған өнім көлеміне пропорционалды. Амортизациялық аударымды Есептеу объектіні пайдалану кезінде жүзеге асырылады, оның Есеп беру кезеңіндегі өнім көлемінің табиғи көрсеткішінен және объектінің бастапқы құны мен пайдалану кезіндегі барлық өнім көлемінің қатынасынан, яғни құрылғы паспортында көрсетілетін өндіріс қарқынымен анықталады. Амортизацияны анықтағанда қызмет ету мерзімі маңызды емес. Қалдық құны жыл сайын объектінің жойылу құнына жеткенге дейін, өндіріс қарқынына тура пропорционалды азайып отырады.

Амортизациялық аударымдардың жылдық сомасы келесідей анықталады:

$$A = Q_i * \frac{\Phi_6 - \Phi_{ж}}{Q_6}$$

Q_i – табиғи түрдегі i-жылдағы өнім өндіру көлемі

Q_6 - барлық мерзімде табиғи түрде толық пайдаланылған объектінің өндіріс қарқыны. Ол шығарылған өнім бірлігі, өткізу уақыты ретінде және т.б. болуы мүмкін. Q_i, Q_6 көрсеткіштерінің өлшем бірлігі бірдей болуы тиіс.

3.4 Жеделдетілген амортизация әдісі

3.Кумулятивтік әдіс – НҚ құнын олардың қызмет ету мерзімінің жыл сомасынан анықталатын сан сомасы бойынша Есептен шығару.

4.Кемитін қалдық әдісі.

Бұл әдістер НҚ жаңарту мақсатымен, ғылыми-техникалық жетістіктерді жедел ендіру үшін қаржылық жағдай жасауға қолданылады.

3. Кумулятивтік әдіс.

(К) Есеп айырысу коэффициентін анықтау. Коэффициент алымы = пайдалы қызмет ету мерзімі, яғни кумулятивтік сан $S = \frac{T_{найд} * (T_{найд} + 1)}{2}$, ал бөлімі қызмет ету мерзімінің аяқталуына, қалған жыл саны

T_0 (кері тәртіппен) болып табылады.

$$K = \frac{T_i}{S}$$

Бұл коэффициент өткізудің әр кезеңінде әр түрлі, бірақ амортизациялық құнның тұрақты өлшемі ретінде қолданылады. Өткізудің бастапқы жылдарындағы амортизация сомасы қалған жылдарға қарағанда жоғары:

$$A = (\Phi_6 - \Phi_{ж}) * K$$

5. Кемитін қалдық әдісі.

Мұнда, бірқалыпты әдісте қолданылатын амортизация нормасы, екі еселенеді және қалдық құны бойынша ғана қолданылады, бастапқы жылдардағы амортизация сомасы қалған жылдарға

қарағанда жоғары. Амортизацияны Есептегенде жойылу құны Есептелмейді, соңғы жылды ескермегенде, өйткені амортизация сомасы жойылу құнына дейінгі қалдық құнды азайту үшін қажет.

$$A_i = (Y_{i-1} - A_{i-1}) * 2H_a$$

Y_{i-1} – объектінің қалдық құны i -жыл басына

A_{i-1} – амортизация сомасы $i-1$ жылға


$2H_a$ – амортизация сомасы

8 - ДС .Т-3 Корпорацияның ұзақ мерзімді активтері.

3.4. Жинақтаудың мәні және инвестиция мен инвестициялық қызметтің экономикалық құрылымы.

3.5. Инвестицияны негізгі қорлар мен материалды активтерге қаржыландырудың көздері.

3.4. Жинақтаудың мәні және инвестиция мен инвестициялық қызметтің экономикалық құрылымы.



2-Сурет- Негізгі құрал ұдайы өндірісі

НҚ қарапайым және кеңейтілген ұдайы өндірісінің түрлі нысандары бар:

Қарапайым ұдайы өндіріс нысандары:

1. ескірген жабдықтарды алмастыру
2. капиталды жөндеу

Кеңейтілген ұдайы өндіріс нысандары:

3. Жаңа құрылыс.

Орталықтандырылған жоспарлы жүйе шеңберінде «жалпы капитал салымдары» түсінігі қолданылды, ол жөндеу шығындарын қосқанда негізгі қорларды ұдайы өндіруге барлық шығындарды білдіреді. Инвестициялар кеңірек мағынаға ие. Ол мазмұны бойынша біздің «капитал салымдары терминіне жақын шынайы инвестицияларды, және «қаржылық» (портфельдік) инвестицияларды

камтиды, яғни меншіктен табыс алуға құқық беретін меншік иесі титулымен тығыз байланысты: акционерліия, облигация, басқа да құнды қағаздарға салымдар.

Инвестициялар халық шаруашылығының барлық салаларына негізгі қорларының ұдайы өндірісіне бағытталған материалдық, еңбек және ақша ресурстары шығындарының жиынтығы. Инвестициялар біздің экономика үшін салыстырмалы жаңа термин.

Инвестициялар - капиталды арттыру, өндірісті кеңейту, жаңарту немесе техникалық қайта қаруландыруға бағытталған материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының жиынтығы.

Халықаралық тәжірибеде ірі масштабы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қаржыландырудың келесі көздері қолданылады:

халықаралық қаржы-несиелік ұйымдардың несиелері мен займдары;

халықаралық экспорттық агенттіктер несиелері;

ұлттық коммерциялық және инвестициялық банктер несиелері;

халықаралық және ұлттық капитал нарықтарының мүмкіншіліктері;

жеке компаниялардың және салымшылардың қаражаттары т.б.

Капитал салымдарын негізгі капиталға қаржыландыруды бір, сонымен қатар бірнеше көздер арқылы жүргізуге болады.

3.5. Инвестицияны негізгі қорлар мен материалды активтерге қаржыландырудың көздері.

Корпорацияның негізгі құралдарға салуларының тиімділігін бағалау, оларды пайдалану мен ұдайы өндіруді талдау кезінде келесі қағидалық ережелерге сүйену керек:

1. негізгі құралдардың функционалды пайдалылығы бірнеше жылдар бойы сақталады, сол себепті оларды алу және пайдалану бойынша шығындар уақыт бойынша таратылған;
2. негізгі құралдарды физикалық алмастыру (жаңарту) кезеңі олардың құндық орын басу кезеңімен сәйкес келмейді, бұның нәтижесінде корпорация қызметінің қаржылық нәтижелерін төмендететін жоғалтулар мен шығындар пайда болуы мүмкін;
3. негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі олардың түрлеріне, меншігіне, өндірістік процеске қатысу сипатына, сонымен қатар тағайындалуына қарай әр түрлі бағаланады.

Негізгі құралдар корпорация қызметінің тек өндірістік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-тұрмыстық салаға да қызмет көрсеткені үшін оларды пайдалану тиімділігі тек экономикалық қана емес, әлеуметтік, экологиялық және басқа факторлармен анықталады.

Инвестициялық қызмет – пайда немесе басқа пайдалы әсер алу үшін инвестицияларды салу және тәжірибелік әрекеттер жүзеге асыру.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі – мұның өз логикасы бар, оған тиесілі заңдылықтарға сәйкес дамитын және кәсіпорынның шаруашылық өмірінде маңызды рөл ойнайтын объективті процесс, өйткені өзінің экономикалық табиғатына сай инвестициялар болашақта табыс алу үшін бүгінгі тұтырудан бас тартуды білдіреді.

Инвестициялық қызметтің мақсаты:

қаржылық және материалдық ресурстарды жинақтау есебінен өзінің кәсіпкерлік қызметін кеңейту;

жаңа кәсіпорындарды алу;

жаңа салаларды менгеру есебінен бизнестің диверсификациясы;

өндіріс көлемін арттыру есебінен айналым шығындарын төмендету.

Сол себепті инвестициялық үрдіс кәсіпорынның келесілерге тәуелді (1.1 сурет) инвестициялық стратегиясын анықтаудан басталады:

- кәсіпорынның өмір циклдерінің сатылары;
- толығымен даму стратегиясы;
- инвестициялық ресурстардың ішкі және айналым нарықтар жағдайлары;
- кәсіпорынның инвестициялық көз тартарлығы қаражат салу объектісі ретінде.



Негізгі құралдар және негізгі құралдарға ұзақ мерзімді инвестициялар кәсіпорын қызметінің қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне көп жоспарлы және жан

9- ДС. Т -4 Корпорацияның айналым капиталы.

4.1. Айналым капиталының экономикалық мазмұны мен классификациясы.

4.2. Айналым капиталының ұйымдастыру принциптерімен, олардың құрамы мен құрылымы.

4.1. Айналым капиталының экономикалық мазмұны мен классификациясы.

1. Дайын өнімді шығару кезінде толық өнімді шығару уақытында қолданылатын және өз бағасын соңғы өнімге аударатын негізгі заттармен бірге еңбек құралдары қатысады, осыған орай әрбір шығарту мерзімінде шығындалатын, яғни кәсіпорынның өнімділігінің айналынында қолданылады, оларды айналым өнлегі немесе кәсіпорынның айналым активі деп атайды.

Өндірістік айналым қоры- бұл өндірістік қордың бір бөлігі, оның заттың құрылымы еңбек заттары болып табылады, олар әрбір толық өндірістік циклде қолданылады және олардың құны дайын өнімге тұтас әрі лезде аударылады.

Қор айналымы-бұл кәсіпорын қаражаты.

Кәсіпорынның несиелендірілген капиталының бөлігі ретінде айнымасы активтер (бірлестік) толендегідей мінезделеді:

- олар алдын ала солыну керек, яғни табыс алғанша несиелендіршеуі (тауардың сатылуынан пайда).

- Айналым қаражаты өтетін ресурс ретінде шығындалмайды және қолданылмайды, бірақ олар ылғи шаруашылық айналымында жаңаланып тұруы қажет.

- Абсолюттік талап айналым қаражатының шаруашылық қызметінің көлеміне байланысты болады. Сондықтан да қамтамасыз ету жағдайы мен өтімі реттелуі керек.

Айналым қаражатының құралынан олардың элементтер жиынтығы түсіндіріледі.

Айналым қаражатының өндірістік айналым қорына және үндеу қорына бөлінуі оның оларды ерекше пайдаланылуы үндеу қоры арқылы ерекшеленеді.


4.2. Айналым капиталының ұйымдастыру принциптерімен, олардың құрамы мен құрылымы

Айналым қаражаты 4 белгі бойынша топтастырылады :

1. айналым ортасы бойынша
2. элементтер құралы бойынша
3. мөлшерлеуді қамту бойынша
4. қолыптасу көздері бойынша

Айналым қаражатының құралы





4.Қалыптасу көздері бойынша

- 1.Меншікті айналым қаражаты: жарғылық және резервтік капитал,бөлінбеген табыс,жинақтау қоры.
- 2.Зайымдық айналым қаражаты: ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздар және несие.
- 3.Қосымша тартылған айналым қаражаты: жеткізушілерге, еңбек ақы бойынша,бюджетке және басқа кредиторларға несиелік қарызы.

Өндіріс саласының айналым қаражаттар құрылымының айырмашылығы келесі факторлармен негізделеді:

- 1.Өндірістік процесс кезіндегі кәсіпорынның ерекшелігі.
- 2.Өткізу мен жабдықтау шарттарымен.
- 3.Жеткізушілер мен тұтынушылардың мекенжайымен.
- 4.Өндіріске жұмсалған шығындар құрылымы.

10 - ДС. Т -4 Корпорацияның айналым капиталы.

- 4.3. Компанияның айналым капиталының үйлесімді қажеттілікті анықтау және бұл қажеттілікті анықтаушы факторлар.
- 4.4. Айналым капиталының қалыптасу көздері.

4.3. Компанияның айналым капиталының үйлесімді қажеттілікті анықтау және бұл қажеттілікті анықтаушы факторлар

Кәсіпорынның айналым құралдарына жоспарлы қажеттілігін Есептеу үшін келесі дәстүрлі әдістер қолданылады:

- тікелей Есептеу;
- аналитикалық;
- аралас, бірінші және екінші әдіс элементтерін үйлестіріп;
- үлкейтілген Есеп.

Тікелей Есептеу әдісін қолданып айналым құралдарындағы айналым қаражаттың жоспарлы қажеттілігі әрбір қор элементі бойынша анықталады.

«Шикізат пен материалдар» бабы бойынша айналым құралдарына қажеттілік мына формуламен Есептеледі:

$$K = \Pi * K_i$$

Мұндағы, Π – смета (бюджет) бойынша жылдық түрдегі материалдардың біркүндік жоспарлы шығыны.

K – жылдық түрдегі материал қорының мөлшері, күндер;

Π – қолданылған материалдар түрлерінің саны ($\Pi=1,2,3,...,n$).

Күндік қор мөлшері (K) көліктік, дайындаушылық, ағымдық, және сақтандыру қорларының қосындысынан қалыптасады.

Ағымдағы қор екі шектес әкелулер интервалы арасындағы өндірістің үздіксіздік процессін қамтамасыз ету үшін арналған. Ағымдағы қор мына формуламен Есептеледі:

$$D_a = \frac{1}{2} * \Pi_i$$

Мұндағы D – ағымдағы дәсмая, күндер;

Π – шикізат пен материалдардың нақты түрі бойынша екі шектес әкелу арасындағы орташа интервал.

Сактандыру қоры – кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, үзілген жағдайда өндірістік процестің үзілмеуін қамтамасыз етуге арналған. Сактандыру қоры ($C^{\wedge}$) мына формуламен Есептеледі:

Аяқталмаған өндірістегі (Θ аяқ) айналым құралдарына жоспарлы қажеттілік мына формуламен Есептеледі:

$$C = \frac{1}{2} * D,$$

$$\Theta_{аяқ} = K * Ц_i * k_i$$

мұндағы, K - жылдық бұйымның жылдық жоспарлы өндірісінің өзіндік құны(шығындар калькуляциясы бойынша);

$Ц$ – жылдық өнімнің өндірілуінің өндірістік циклінің ұзақтығы, күндер;

K – жылдық өндірістегі шығындардың өсу коэффициенті мен өнімнің дайындық деңгейі.

Егер $K = 1$ болса, онда бұйым 100%- ке дайын.

Шығындардың өсу коэффициенті мына формуламен анықталады:

$$K = \frac{0,5 * \Pi_2}{\Pi_1 + \Pi_2}$$

мұндағы Π_1 – бұйымның шығындар калькуляциясы бойынша материалдық шығындары, мың.тг.;

$0,5 * \Pi_2$ – ендігі барлық шығындардың жартысы (еңбек үшін шығындар, амортизациялық аударымдар, т.б. шығындар), мың.тг.;

$\Pi_1 + \Pi_2$ – өнімнің шығындарды калькуляциялау бойынша жоспарлы өндірістік өзіндік құны, мың.тг.;

Қоймадағы дайын өнім үшін айналым құралдарына жоспарлы қажеттілік ($Қ_{дө}$) мына формуламен анықталады

$$Қ_{дө} = \Pi * K$$

мұндағы Π – өндірістік өзіндік құны бойынша жылдық дайын өнімнің біркүндік жоспарлы шығарылымы, мың.тг.;

K – өнімнің жылдық қор мөлшері, күндер;

Күндік қор мөлшері қоймадағы операциялар уақыттарынан тұрады (таңбалау, өнімді тиеуге дейінгі жиналуы, көлік құралдарын тиеу және т.б.) және де Есептік құжаттарды ресімдеуге кеткен уақыт (1-2 күн).

Тауарлар бойынша – біркүндік тауар айналымы күндік қор мөлшеріне көбейтіледі. Кәсіпорынның айналым құралдарына жиынтық қажеттілігі $Қ$ бухгалтерлік балансының әр бабы үшін Есептік көлемінің қосындысына тең.

Айналым құралдарындағы жоспарлы қажеттілік шаруашылықта құрылымдық (негізгі және көмекші өндірістік цехтері, жабдықтау бөлімдері, жинау мен өткізу және т.с.с.) бөлімшелерінің қызметтерін бақылау үшін Есептеледі. Бұндай Есептердің міндетті шарты материалдық ресурстарына және жылдық өнімдеріне (инфляцияны жою мақсатында) бағалардың тұрақтылығы мен кәсіпорынды ресурстардың барлық түрлерімен бірімен бірі арасындағы шаруашылық байланысты қалыптастыру негізінде жабдықтауды реттеуді қамтамасыз ету.

Есептеудің аналитикалық әдісін қолданғанда Есептік периодтағы (іске асырылуы қиын құралдарын қоспағанда) материалдық ресурстардың нақты орташа қалдығы алдағы периодтағы (жылда, тоқсанда) өндірістің (сатылымның) өсу көлемінің қарқынына көбейтіледі.

Қор бойынша айналым құралдарының артықшылығы (тапшылығы) жоспарлы қажеттілік (нормативтік Есептеумен) бухгалтерлік баланс негізінде нақты қалдықпен салыстыру жолымен Есептеледі.

4.4. Айналым капиталының қалыптасуының көздері.

Айналым активтерін қалыптастырудың көздері бухгалтерлік баланс пассивінде бейнеленеді. Айналым активтерінің көздерін топтастыруға сәйкес олардың қалыптасуы меншікті, қарыздық және қатысты деп бөлінеді.

Меншікті көздеріне ең алдымен таза айналымды капитал (айналым активтері мен қысқа мерзімді пассивтер арасындағы айырма), қарыздық көздеріне – қысқа мерзімді несиелер мен бір жылға дейін өтелетін қарыздар, қатыстық көздеріне - кредиторлық борыш жатқызылады. Кәсіпорынның (корпорацияның) Айналым активтерінің қалыптасуының құрамы 3-суретте бейнеленген.

Сурет 3. Айналым активтерінің қалыптасу көздері.



11 - ДС. Т -4 Корпорацияның айналым капиталы.

4.5. Ағымдағы қаржылық қажеттіліктерді моделдеу.

4.6. Айналым капиталын қолданудың экономикалық тиімділігі, компанияның қаржылық тұрақтылығына және оны арттырудың жолдарына әсері.

4.5. Ағымдағы қаржылық қажеттіліктерді моделдеу.

Ағымдық қаржылық қажеттіліктерді үлгілеу

Таза айналым капиталының мөлшерін бухгалтерлік баланс бойынша екі тәсілмен анықтайды - «жоғарғымен» және «төменгімен»:

ТАК $\rightarrow$ $\Theta K + \Upsilon M - A T A$
 $\rightarrow$ $A A - K M$
 мұнда ΘK - өз капиталы («Капитал мен резервтер»);
 ΥM — ұзақ мерзімді міндеттемелер;
 $A T A$ - айналымнан тыс активтер;
 $A A$ - айналым активтері;
 $K M$ — қысқа мерзімді міндеттемелер.

ТАК-тың қарама қарсы мағыналы кезінде өтімді ақшалай қаражаттарына корпорацияның қажеттілігі несиелік берешектің немесе қысқа мерзімді банкілік несиелер есебінен жабылады.

«Ағымдық қаржылық қажеттіліктер» (АҚК) ұғымын анықтайық: $A K K = A A - A K - H B$,

мұнда $A A$ - айналым активтері;
 $A K$ - ақшалай қаражат;

НБ - несиелік берешек.

Осымен, **ағымдық қаржылық қажеттіліктер (АҚК) айналым активтеріне (акшалай қаражатсыз) авансталған қаражаттар мен тауарлық операциялар бойынша несиелік берешектердің сомалары арасындағы айырмамен немесе жалпы оның мөлшерімен анықталады. АҚК тікелей корпорацияның қаржылық жағдайына әсер етеді өйткені оның қажеттілігін қысқа мерзімді банкілік несиеге сипаттайды. АҚК-ны:**

- абсолюттік сомада;
- айналымдағы (сату немесе өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді жүзеге асырудан түскен түсім көлеміне) пайыздарда;

- айналымға қатысты мерзім бойынша анықтауға болады.

АҚК-ның салыстырмалы мөлшерін мына формула бойынша белгілейді

$АҚК = \text{акшалай әлпеттегі АҚК} / \text{сатудың орташа күндік көлемі}$

АҚК-ның мөлшеріне мына факторлар әсер етеді:

- инфляцияның қарқыны;
- өндірістік және өткізетін циклының ұзақтығы;
- өндіріс және тауарларды сату көлемінің өсу қарқыны;
- өндірістің маусымдығы және өнімдерді жүзеге асыруы;
- нарықтық конъюнктураның жағдайы;
- маржиналды табыстың мөлшері.

Ю. Бригхем мен Л. Гапенскимен тұжырымдалған және қазақстандық жағдайларға: таза, агрессивті, керітартпа және біркелкі В.В. Ковалевпен бейімделген айналым активтерінің қаржыландыру стратегиясының бірнеше модельдері белгілі.

Осылайша, айналыс қаржыларын қаржыландырудың сәйкес үлгісін таңдау кәсіпорынның тауарлық және қаржылық нарықтағы жағдайына байланысты, оның қаржылық тұрақтылығына (тепе-теңдігі), қаржылық қызмет мамандарының квалификациясынан және объективті және субъективті сипаттағы өзге факторлардан.

4.6. Айналым капиталын қолданудың экономикалық тиімділігі, компанияның қаржылық тұрақтылығына және оны арттырудың жолдарына әсері.

Айналым немесе Айналым капиталын пайдаланудың экономикалық тиімділігі, компанияның қаржылық жағдайына оның әсер етуі және арттыруының жолы

Айналым қаражаттарын пайдалану мына көрсеткіштермен мінезделеді:

1. Айналымдағы коэффициент өнеркәсіптің белгілі кезеңіндегі айналым жылдамдығының санын мінездейді (жыл, квартал) немесе айналым қаражатының 1тг нақты өнім мөлшерін көрсетеді.

$K_0 = Q_{\text{нақты}} / CO$ - айналым қаражатының орташа қалдығы

$CO = O_{\text{бастапқы}} + O_{\text{соңғы}} / 2$

2. Айналым қаражатының салу коэффициенті – айналымдағы коэффициенттің қайтару көлемі. Ол 1тг жұмсалған нақты өнімдегі айналым қаражатының сомасын сипаттайды: $K = CO / Q_f$

3. Күндегі бір айналымның ұзақтығы $O = D / E_0$ D- кезеңдегі күндер саны

Жылдамдатылған айналым эффектісі

1 Абсолюттік

Айналым қаражатындағы тікелей келу сонымен бірге нақты өнімнің өзгеру мөлшері саналмайды.

2. Салыстырмалы

Айналым қаражатындағы көлемінің өзгеруімен қатар, нақты өнімнің мөлшерін көрсетеді. Ол үшін айналым қаражатының 1 жылдық қорытындысының пайдалануын Есептеп, нақты айналымдағы нақты өнімнің осы кезең және келесі жылдың айналым жылдамдығында анықтау керек. Бұл көрсеткіштің әр түрлілігін айналым саласы береді:

$CO = Q / K$ немесе

$\Delta NI = Q - (O - O) / D$

O: O - базистік және қорытындылау кезеңіндегі айналымның орташа ұзақтығы (күндер)

D- Есеп-қисап кезеңінің ұзақтығы, күндер (90, 360)

12 - ДС. Т-5 Өнімді өндіруге және өткізуге кеткен корпорацияның шығындары және оларды қаржыландыру.

5.1.Корпорация шығындарының экономикалық классификациясы

5.2. Баптар мен элементтер бойынша өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құны мен құрылымы, өзіндік құнның құрамымен құрылымының салалық ерекшелігі.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 В.В. Бочаров, В.Е. Леонтьев Корпоративные финансы Москва «Питер», 2004.
- 2 Брейли Р., Майерс С. принципы корпоративных финансов/ Пер. с англ.-М., Олимп-Бизнес,2005
- 3 Ван Хорн ДЖ.К., Основы управления финансами. М.:Ф. и ст.,2006

5.1.Корпорация шығындарының экономикалық классификациясы

Шығындар – қолданылған өндірістік ресурстарды натуралды формада бағалау. Ақшалай формадағы ресурстар шығыны **өндіріс шығындары** болып табылады.

Жабу көздеріне байланысты кәсіпорын шығындары топтарға бөлінеді:

- 1)өнімнің өзіндік құнына еңгізілетін;
- 2)табыс арқылы өндірілетін;
- 3) мақсатты қаражаттар және арнайы қорлар қаражаттары арқылы өтелетін.

5.2. Баптар мен элементтер бойынша өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнының құрылымы, өзіндік құн құрылымының және құрамының салалық ерекшеліктері.

Кәсіпорынның жұмысын жалпылайтын маңызды көрсеткіш **өзіндік құн** болып табылады – ол заңнамалық талаптарға сәйкес топтастырылған және қалыптастырылған, өнімді өткізу мен өндіруге кеткен ақшалай формадағы шығындар.

Экономикалық элементтер бойынша шығындарды топтастыру өнім бірлігінің өзіндік құнын шығаруға мүмкіндік бермейді, яғни калькуляцияны жасауға, бұл мақсаттар үшін калькуляция баптары бойынша шығындардың басқа топтастырылуы қолданылады, ол өндірістік мақсаты мен пайда болу орны бойынша олардың топтастырылуын белгілейді, өндіріс салалары бойынша ерекшелінеді, бірақ баптар шығындарының типтік номенклатурасы бар, оған кіретіндер:

1.Материалдық шығындар:

- 1)шикізат пен материалдар;
- 2)қайтарылатын қалдықтар(шығарылады);
- 3)сатып алынатын, комплектелетін, жартылай фабрикаттар;
- 4) сырттан технологиялық мақсатарға жанар май және энергия

2.еңбекақыны төлеуге қаражаттар:

- 5)өндіріс жұмысшыларының негізгі жалақысы;
- 6) өндіріс жұмысшыларының қосымша жалақысы;
- 7)әлеуметтік сақтандыруға алынымдар (әлеуметтік салық);

3.Үстеме (накладные расходы) шығындар:

- 8)жаңа бұйымдарды дайындауға және менгеруге шығындар;
- 9)құрылғыларды сақтауға және қолдануға шығындар;
- 10)цехтік шығындар;
- 11)сапасыз өнімнен шығындар;
- 12)өзге өндірістік шығындар;

Өнімді өндірудің өндірістік өзіндік құны

4.Кезең шығындары:

- 13)жалпы және әкімшілік шығындар;
- 14)өткізу бойынша шығындар;
- 15)пйыздар бойынша шығындар.

Толық өзіндік құн

Өзіндік құнның толық негізделуі үшін баптар (баптық номенклатура) шегінде шығындардың әр түрлі аналитикалық топтары қолданылады, олардың көмегімен калькуляция баптары бойынша барлық шығындар екі бөлікке бөлінеді, олардың әр қайсысы осы топқа негіз болатын сабепке белгілікті бір қатынасты сипаттайды.

Шығын баптарының аналитикалық топталуы:

1.Пайда болу орны бойынша шығындар бөлінеді:

- а)өндірістік – өнім өндірумен байланысты барлық шығындар;
- б)коммерциялық – дайын өнімді өткізумен байланысты.

2.Мақсаттылығы бойынша шығындар бөлінеді:

а)Өндіретін – өндірістің осы шарттарында мақсатты және өз-өзін ақтайтын шығындар;

б)Өндірмейтін – өндірісті ұйымдастырудың және технологияның жеткіліксіздігінің себептерімен байланысты пайда болатын шығындар.

3.Бөлек өнімдерді өзіндік құнға жатқызу әдістері бойынша шығындар бөлінеді:

а)тура шығындар – нормалар мен нормативтерге сәйкес өнімнің нақты түрін өзіндік құнға жатқызатын экономикалық бір текті шығындар.

б) жанама шығындар – бөлек бұйымдар бойынша Есептеуге болмайтын шығындар, себебі олар барлық өнімді өндірумен байланысты және кешендерге топтастырады, содан кейін кез-келген шартты базаға пропорционалды бөлу арқылы нақты бұйымдарды өзіндік құнға еңгізеді.

4. Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты шығындар бөлінеді:

а) өзгергішті – өнім көлемінің өзтерісіне мөлшерлері тура тәуелді шығындар;

б) шартты-тұрақты - өнім көлемінің өзтерісіне байланысты мөлшерлері өзгермейтін шығындар.

5. Технологиялық процесске қатысты шығындар бөлінеді:

а) негізгі – өнім дайындаудың технологиялық процессімен байланысты шығындар;

б) үстеме (**накладные**) – өндірісті басқарумен және қызмет көрсетумен байланысты шығындар.

6. Экономикалық бір тектілік деңгейі бойынша:

а) қарапайым (бір текті) – бір экономикалық элементтен тұратын шығындар;

б) кешенді – бірнеше элементтерден тұрады, мақсатты қолданылуы бірдей.

Сонымен қатар шығындар бөлінеді:

1)ағымды– осы кезеңде пайда болады және осы кезеңнің өзіндік құнына жатады;

2)келешек кезең шығындары – осы кезеңде өндіріледі, бірақ белгілікті үлесте алдағы кезең өнімдерінің өзіндік құнына жатады, оларды өтеу және нормалары мен бекіту мерзіміне байланысты (жаңа өім түрлерін менгеру шығындары бойынша);

3) алдағы шығындар – әлі пайда болмаған шығындар, бірақ оларға қаражаттар қорланады және Есептік кезеңнің өзіндік құнына жатады (демалыстарға төлеу бойынша шығындар).

ДС-13. Т-5 Өнімді өндіруге және өткізуге кеткен корпорацияның шығындары және оларды қаржыландыру.

5.3. Шығын деңгейінің көрсеткіштері, және оларды төмендетудің жолдары мен резерві.

5.3. Шығын деңгейінің көрсеткіштері, және оларды төмендетудің жолдары мен резерві.

1) Абсолютті көрсеткіштер:

а) барлық өнімді өндіру үшін шығындар сомасы;

б) жиынтық, тауарлық, өткізілген өнімнің шығындары.

2) Шығын құрамы (абсолютті, тг) мен өзіндік құн құрылымының (қатыстық, %) көрсеткіштері

3) Өнім өндіруге шығындар деңгейін сипаттайтын шығындар:

а) өнім бірлігінің өзіндік құны;

б) бір тенге өнімге шығындар.

4. Шығындар динамикасын сипаттайтын шығындар:

а) өнім бірлігінің өзіндік құнының өзтерісі %;

б) бір тенге өнім шығындарының өзтерісі %.

Өнім өндіру мен өткізу шығындарының төмендеуі.

Шығындарды төмендету факторлары екі топқа бөлінеді:

1) Ішкі өндірістік факторлар:

а) техникалық;

б) ұйымдастырушылық;

в) құрылымдық яғни, өндіріс құрылымы мен көлемінің өзтерісі.

2) Айналым факторлар:

а) амортизация нормалары;

б) шикізат пен материалдарға жеткізушілер бағасының өзтерісі;

в) коммуналды көліктік қызмет тарифтерінің өзтерісі және т.б.;

г) тарифтік жүйенің және минималды жалақының өзтерісі;

д)бюджеттік және бюджеттік емес қорларға салық мөлшерлемелерінің және аударымдарының өзтерісі.

14- ДС. Т-5 Өнімді өндіруге және өткізуге кеткен корпорацияның шығындары және оларды қаржыландыру.

5.4. Өндіріс шығындары мен өнімді өткізуін бақылау.

5.5. Өндірілген тауар шығындары мен өткізілген өнімді жоспарлау

5.4. Өндіріс шығындары мен өнімді өткізуін бақылау

Ұсталған шығындары бақылау мақсатында шығындардың пайда болу орындарын, шығындар орталығын және жауапкер орталықтарды топтау қолданылады, олар бойынша контролинг жүйесінде ұсталған шығындарды жоспарлау және Есептеу ұйымдастырылады.

Шығындар пайда болу орындары- бұл өндіріс процессін жүзеге асыратын, немесе оған қызмет көрсететін кәсіпорынның құрылым бөлімшесі.

Шығын орталығы – бұл өзінің өндірістік операциялары мен функциялары және еңбекті ұйымдастыруы бойынша біркелкі сипатталатын өндірістік және құрылымдылық бөлімшелері.

Олар бөлінеді: шығын орталығы бұйымдар бойынша (бұйымдарды толықтай немесе бір бөлігін өндіреді) және қызметі көрсету шығыны бойынша (бұйымдар шығару орталығына қызмет көрсетеді)

Жауапкершілік орталық- бұл менеджермен басқырылатын, жоспарланған, нормативті және нақты шығындарды бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру бөлімшесі. Олар бөлінеді:

- а) негізгі-шығындарды пайда болу орталығында бақылайды
- б) функционалды-шығындарды бірнеше пайда болу орындарына бөледі, егер берілген орталық бірнеше шығын орталықтарына қызмет көрсететін болса.

5.5. Өндірілген тауар шығындары мен өткізілген өнімді жоспарлау Эксплуатациялаулық (ағымдық) шығынды жоспарлаудың маңызды деңгейі:

- Есеп беру кезеңінде ұсталған шығынды сараптау;
- жоспарлау үшін керекті деректерді дайындау;
- ұсталған шығынның құрамы мен ауқымына әсер ететін факторлардың өзгеруін болжау;
- барлық бұйымдарға жоспарлы калькуляциялар құрастыру;
- жауапкершілік орталықтары бойынша жоспарлы бюджеттерді әзірлеу;
- кәсіпорын бойынша жинақталған жоспар (бюджет) әзірлеу;

Әр түрлі бұйымдардың (бір текті бұйымдар тобының) жоспарлық калькуляциясын салыстыру есебі эксплуатациялық шығынның белгіленген баптарының Есептік номенклатурасы арасында жүзге асырылады. Бұйымға жоспарлық калькуляция құрастыру процесінде шығынның калькуляциялау жүйесі және жай, жанама операциялық шығын мөлшері анықталады (тапсырыстық, уақыттылық (попроцессная), нормативтік). Кәсіпорынның калькуляциялық көрсеткіш тізімі өз еркімен белгіленеді, оның өз эксплуатациялық қызмет ерекшеліктеріне байланысты.

Батыс корпорацияларында өзгермелі шығын калькуляциялаудың жүйесі кең тараған-«**директ-костинг**». Оның мағанасы мынада, олар өндіріс пен өнім өткізудің өзіндік құнын толық калькуляцияламайды, өзгермелі шығынның жай турлерін ғана пайдаланады. Бұл жүйені енгізудің басты мақсаты-бұйымдар аралығында корпорацияның маржиналдық табысының қалыптасуын бақылауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың келесі жүйесі кең тараған

- тапсырыстық
- уақыттылық
- нормативтік (стандарт-костинг)

«Стандарт-костинг» калькуляциялау жүйесі кәсіпорын әзірлеген шығынның нормалары мен нормативтері негізінде жүзеге асырылады. Онда Есепте ауытқуын көрсету үшін нақты ағымдағы шығындарды нормативті шығындармен салыстырады. Бұл жүйені әдетте «ауытқулар шығынын басқару» деп атайды

Ағымдағы шығындарды жоспарлаудың негізгі материалдары мыналар:

- өнімдердің жеке түрлерінің заттай және бағаланған күйінде шығару жоспары;
- өнімнің ақшалай-заттай сату ауқымының жоспары
- материалдық ресурстар сатып алу жоспары
- кәсіпорынның өндірістік және экономикалық қызметтері әзірлеген материалдық ресурстарды қорлау және шығын нормалары;
- өнім бірілігіне еңбек шығыны нормасы және де басқа нормативті базалар.

Ағымдағы шығындар жоспарлау барысында ескерілетін маңызды факторлар:

- өнімнің өндіру және сату ауқымының өзгеруі;

-оның номенклатурасы мен ассортиментінің толқуы
-бағалық, басқа факторлар.

Сонымен, кәсіпорында шығындарды басқарудың басты мақсаты олардың сомасы мен деңгейін тиімділеу, өйткені олар дивидент төлеуге, капитал салуға қаржыландыруға, айналымдағы құралдарды толықтыруға, бюджет алдында салық төлеу міндетін орындауға қажет пайда табуды және жүргізіліп отырған істің жоғары темпмен дамуын қамтамасыз етеді.

15-ДС. Т -6 Корпорация табысының қалыптасуы мен бөлінуі және тиімді пайдалануы

6.1. Қаржылық даму мен қамтамасыз етудегі табыстардың ролі.

6.2. Табыстер функциясы мен классификациясы.

6.3. Корпорацияның жалпы (жиынтық) табыстері, олардың құрамы мен құрылымы.

6.4. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табыстер – компанияны қаржыландырудың негізгі көзі.

6.1. Қаржылық даму мен қамтамасыз етудегі табыстардың ролі.

Табыс – нарықтық қатынастардың ең негізгі категориясы, мұнда өнеркәсіптік табыстарды жалпы түрде анықтауға болады, экономикалық категория сияқты өнеркәсіптің нәтижелік көрсеткіштерінің мінездемесі. Табыстер өндірістің әсерлілігін, өнімнің сапасы мен көлемін, еңбектің жай – күйін, өзіндік құнның деңгейін көрсетеді.

Өндірістегі табыстардың өсуіне субъективті және объективті факторлар әсер етеді.

Субъективті факторлар:

1. Өндірістегі ұйымдастырушылық – техникалық деңгейді басқару
2. Өндірілген өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігі
3. Еңбектің деңгейі
4. Өнімді өндіру мен өткізуге кеткен шығын
5. Өндірілген өнімнің баға деңгейі

Объективті факторлар:

1. Тұтынылған материалдардың баға деңгейі
2. Амортизациялық аударымдардың нормасы
3. Нарық конъюнктурасы

6.2. Табыстер функциясы мен классификациясы.

Өндірістің табыстері оның мінезіне байланысты, өндірістің табыстерін алу шарты мен бағыттардың түрлеріне қарай кәдімгі түрлерден басталып басқа да, құрамында операциялық, өткізушілік емес және шұғыл түрдегі табыстар.

6.3. Корпорацияның жалпы (жиынтық) табыстері, олардың құрамы мен құрылымы.

Жиынтық табыстер – өткізілген өнімнен, жұмыспен қызмет көрсетуден түскен пайда, материалдық шығынды алып тастағанда, яғни еңбекақы мен пайдадан тұрады.

Сурет 1.

Матер.шығын.			Жиынтық табыс	
еңбек ақы	пайда			
өзіндік құн	Таз	Пайда		
	а	ға		
	па	салын		
	йд	атын		
	а	салық		
Өткізуден түскен пайда				

6.4. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табыстер – компанияны қаржыландырудың негізгі көзі.

Өндірістегі жиынтық табыстардың негізгі қайнар көзі - өткізілген өнімнен түскен пайда (жұмыс пен қызмет көрсету) .

Белгілі бір уақыт ішінде өткізілген өнімнен түскен пайданы мына формула арқылы білуге болады:

$$РӨп = ДӨқб + ДӨ + ДӨқа$$

ДӨқб , ДӨқа - Дайын өнімнің қалдықтары кезеңнің басында, аяғында

ДӨ - өткізуге арналған дайын өнім

Пайданың көлеміне өндіріске тәуелді және тәуелді емес факторлар әсер етеді.

Өндіріске тәуелді факторларға:

- көлем
- ассортимент
- өндірілген өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілеттілігі
- баға деңгейі

Өндірілген өнім өткізілген өнімнің көлемін анықтайды, өнімнің шығарылу деңгейі өссе, реализация көлемі де өседі немесе керісінше:

Сонымен қатар пайданың сомасы:

- жұмыс ырғақтылығы
- өнімнің толық жинақтылығы
- тиелім сипаты
- өнімге деген сұраныс
- өнімнің Есеп айырысу формасына байланысты.

Экономикалық әдебиеттерде пайданы әр түрлі жақтан анықтайды: сатудан түскен пайда, табыс, өткізілген өнімнен, жұмыспен, қызметтен түскен пайда. Осыған байланысты пайданың құрылымы мен көлемі анықталады.

Сонымен, өткізілген өнімнен түскен пайдаға (жұмыс пен қызмет көрсету) операциялық, өткізушілік емес және шұғыл түрдегі табыстер кіреді.

16 - ДС. Т -6 Корпорация табысының қалыптасуы мен бөлінуі және тиімді пайдалануы

6.5. «қосымша құн» ұғымы және оның құрамы.

6.6. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табыстарды жопарлаудың әдістері және оның көлеміне әсер ететін факторлар.

6.7. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табысты орналастыру мен қолдану механизмі.

6.8. Маржиналды табыс.

6.9. Рентабельділік алғашарты және қаржылық беріктілік қоры.

6.10 Таза табыс

6.5. «қосымша құн» ұғымы және оның құрамы.

Экономикалық қосылған құн (EVA) – бірегей көрсеткіш, қаржылық талдау үшін қолданылады, компанияны басқару мен баға құнын айтады.

Егер дайын өнімнің құнынан тұтынылған материалдық шығынды алып тастасақ, онда өнімге қосылған шикізаттың, энергияның, қызмет көрсетудің құны шығады. Бұл құн өндірістің масштабтарын, ұлттық байлыққа салымдарын салады.

$$EVA = \text{операциялық іс-әрекеттерден түсетін пайда} - \text{капитал құны} \% * \text{жалпы капиталдың мөлшері}$$

Капиталдың құны – орта мөлшерлі капиталдың құны. Жеке капиталдың құнын анықтау өте қиын. Капиталдық пайданың өзінің құны болады, оның өлшемі – табыс. Акционерлер пайданы бөлу нәтижесінде табыстарды алады. Капиталдық құн теориясы жеке капитал құнының әдістерін негіздейді, бірақ бір мәнді жауап бермейді.

Әдістемелік тәжірибенің негізінде EVA , егер инвестициялық капиталдың рентабельділігі шығындардан көп болса, өндірістің құны өседі және керісінше. Есептеу мына формула арқылы жүргізіледі:

$$EVA = (\text{инвестициялық капиталдың рентабельділігі} - \text{капиталдың шығыны}) * \text{инвестициялық капитал}$$

EVA пайдасы акционерлермен анықталады, ал Есептемелерді инвенторлар көрсеткіштер түрінде алады.

6.6. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табыстарды жопарлаудың әдістері және оның көлеміне әсер ететін факторлар.

Өткізілген өнімнің пайдасын, істелінген жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің жылдық, тоқсандық (кварталдық) жоспарын білуге болады. Өнімнің жылдық пайдасының жоспарын білу үшін, елдегі экономика жағдайы тұрақы болуы керек.

Пайданың көлеміне келесі факторлар әсер ете алады:

- өндіріс сферасында: өндірістің көлемі, оның құрылымы, өндірілген өнімнің ассортименті, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі.
- айналыс сферасында: қолданылып жатқан баға деңгейі, төлем құжаттарды уақытында ресімдеу, келісім шарттардың орындалуы.

Пайданы анықтаудың екі әдісі бар:

- тура Есептеу әдісі
- Есептеу әдісі

Бірінші әдісті монополистік – кәсіпорындар мен ұйымдар қолданады, олар өз тұтынушылармен келісім – шарт бойынша көп уақытқа дейін байланыста болады. Мұндағы өндірістің көлемі алдын – ала берілген тапсырыс бойынша жасалады. Осы жағдайда **пайданы** мына формула арқылы анықтауға болады:


$$П = К * Б$$


К – жоспарланған өнімнің көлемі

Б – өнімнің бағасы

6.7. Өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін табысты орналастыру мен қолдану механизмі.

Пайданы қолдану бағыттары келесі суретте көрсетілген.





6.8. Маржиналды табыс

Маржиналды табыс – ауыспалы шығындар мен пайданың арасындағы айырмашылық.

Маржиналды табыстардың өзара қарым – қатынастар көрсеткіштері:

- Сатудан түскен пайда (П)
- Ауыспалы шығындар (АШ)
- Маржиналды табыс ($MT = П - АШ$)
- Тұрақты шығындар (ТШ)
- Пайда ($П = MT - ТШ$)

Маржиналды табыстер көлемінің өзгеруі өнімдердің бағасы мен өзіндік құнның ауыспалы шығындар сипаттамасы болып табылады. Пайданың көлемі тұрақты шығындардың сомасына тәуелді. Көрсеткіштең қарым-қатынасы пайданың көлеміне әсер етеді, баға мен өндірістің көлеміне түзету енгізеді.

6.9. Рентабельділік алғышарты және қаржылық беріктілік қоры.

Шығынсыздық анализі - өте тез шешім қабылдаған кездегі маңызды құралдардың бірі, бизнеске деген жалпы көзқарасты алу үшін қолданады.

Шығынсыздық нүктесі – сатылудың көлемі, жиынтық шығын мен жиынтық пайда бір-біріне тең болады, яғни, кәсіпорынның пайдасы да, шығыны да болмайды.

Өнім көлемінің қауыпты жағдайын мына формула арқылы білуге болады:

$$\Theta = ТШ / (Б - АШ)$$

Рентабельділік – бұл жағдайда кез-келген фирма пайданы да алмайды, шығынға да ұшырамайды.

Корпорацияның рентабельділігі – синтезикалық көрсеткіш, белгілі бір уақыттың ішінде сауда саттық кәсіпорынның көптеген жақтарын көрсетеді.

Экономикалық теория негіздерінде рентабельділіктің бірнеше категориялары қарастырылады:

1. пайдалылығы
2. пайдалы нәтиженің жиынтық шығынмен қатынасы.
3. шаруашылық шығындар мен ресурстар
4. интегралдық көрсеткіш, басқа да әсерлі көрсеткіштерді жалпылама түрде қарастырады.

Бухгалтерлік тұрғыдан қарастырсақ, рентабельділіктің екі құрастырушысы бар.

Бірінші компонент – кәдімгі шаруашылық кәсіпорынның табыстары.

Екінші компонент – потенциалды рентабельділік. Бағалы қағаздар мен материалды құндылықтардан түскен пайда.

6.10 Таза табыс

Жиынтық пайда – салық салудың алдында түскен пайда.

Пайданың жалпы сомасы, белгілі бір уақыт аралығында кәсіпорынмен алған кезеңде құралады:

- өткізілген өнімнің, еңбек, қызмет көрсетудің пайдасы (шығыны)
Фьючерс (ағл. futures) – тауар немесе қор биржасында жедел келісімдер түрі: болашақ келісімдердің шарттарын олардың мерзімінің белгіленуімен сату – сатып алу. Бұл дегеніміз тауар немесе акционерліия үшін ақша саласын белгілі бір мерзімде, келесім жасалғаннан кейін, шартта көрсетілген баға бойынша төлеу. Келесім орындалғанға дейін сатып алушы бір шама кепілдік саласын енгізеді. Фьючерстік келесімінің мақсаты – акционерліия бағасынан немесе курсынан, ликвидациялық мерзіміне қарай пайда болатын айырмашылықты алу. Мұндай келісімнің нәтижесі – келісімнің жасалған күнгі бағасымен және оның орындалу күнгі бағасы арасындағы айырмашылықты алу. Ұтылған жоқ айырмашылықты төлеу үшін қарама-қарсыкелесім жасаңды, яғни осыған сәйкес тауар партиясын нақты биржалық баға бойынша сату және сатып алу келісімі. Ұтқан жоқ дәл осындай офестік келесім жасайды және ол арқылы өз ұтысын алады. Фьючерстік шарт тіркелгеннен кейін сатып алушы мен сатушы контрагенттер болып саналмайды және алдағы уақытта биржаның Есептесу палатысымен іс жүргізеді Егер фьючерстік шарт офестік келесім жасау жолымен оның мерзімі өткенге дейін ликвидацияланбаса, сатушы қандайда да бір тауарды қоюы мүмкін, ол сатып алушы – қабылдауға. Фьючерстік келісімдер нақты бір тауарды сату және сатып алу үшін ғана жасалмайды, сонымен қатар шартты жасау күні мен орындау күні бағаларының айырмашылығы арқылы алып-сатарлық операциялар жүргізу үшін немесе хеджерлеу мақсатымен – мүмкін болатын баға немесе валюта курсының өзтерісінен сақтандыру.

22 - ДС. Т -9 Корпорация капиталының құны мен құрылымы

9.1.Капитал құны мен құрылымының ұғымы

9.2.Капиталдың құрылымын анықтаушы факторлар

9.3. Капитал құнының түрлері

9.1.Капитал құны мен құрылымының ұғымы

Капитал- бұл пайда әкелетін, корпорацияның қаражат қайнар көзі (баланс пассиві).

Капитал келесі белгілер бойынша топталады:

1. Корпорацияға қатыстылығы бойынша: меншікті және қарыз капиталы
2. Мақсатты пайдалануы бойынша: өндірістік, ссудалық және спекулятивті капитал.
3. Капиталды инвестициялау түрлері бойынша ерекшелейді: ақшалай, материалдық және материалдық емес түрлер. Бұл шаруашылық серіктестік және қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға қолданылады.
4. инвестициялау объектісі бойынша негізгі және айналыс капиталы болып ерекшеленеді
5. Меншікті түрлері бойынша мемлекеттік, жеке және аралас капиталдар.
6. Ұйымдық –құқықтық түрлері бойынша акционерлік, үлестік (қоймалық) және жеке капитал болып ерекшеленеді, ол тек қана отбасылық шаруашылыққа жатады.

7. Өндірістік процеске қатысу сипаты бойынша капиталды функционалдық және әрекетсіз (жөндеуде, қорда, консервацияда және аяқталмаған құрылыстағы негізгі құралдар) деп бөледі.
8. Меншік иегерлерінің қолданулары бойынша тұтынылатын және жинақталатын (реинвестицияланатын) капитал болып ерекшеленеді
9. Елдің экономикасына тарту көздері бойынша- мемлекеттік және шетелдік капитал болып бөленеді.

Капитал құны (бағасы)- капиталдың белгілікті сомасын тарту үшін қанша ақша қаражатын төлеу керектігін білдіреді.

9.2. Капиталдың құрылымын анықтаушы факторлар

Капитал құрылымына әсер ететін негізгі факторлар:

1. Шығарылатын өнімнің сипаты
 2. Шығарылатын өнімнің көлемі
 3. Механизацияландыру мен автоматтандыру деңгейі
 4. Мамандану мен кооперированиялану деңгейі
 5. Кәсіпорынның орналасу жерінің климаттық және географиялық шартты.
- Экономика саласында капитал құрылымы ұқсас емес.

9.3. Капитал құнының түрлері

- **меншікті капитал құны-** бұл акционерлік капитал және пайданың қосындысы бойынша акционерліия дивидентінің жиынтығы, ол үлестік салым және оның шығындарымен байланысты төлем

- **заемдық капитал құны-** төленген кредит және облигациялық заем, олардың шығындарының пайыздық жиынтығы.

- **тартылғын капитал құны-** несиенің қарыздық құны. Бұл келісім бойынша жасалған несиені уақытында төленбеген немесе 3 ай өтелмеген болса, несиенің қарыздық айыппұлдың жиынтығы.

Жалпы капитал құны инвестициялық шешімін қабылдау шарты бойынша мынадай себептерде қолданылады:

- 1 тәуекел жағынан компанияның активтері бірдей
- 2 бағалайтын және қарастыратын инвестициялық ұсыныстарда бірдей тәуекел дәрежесі бар.

23- ДС. Т-9 Корпорация капиталының құны мен құрылымы

9.4. Капитал құнын бағалаудың әдістері

9.5. Капитал левириджі

9.6. Капитал құнымен құрылымы арасындағы байланыс

9.4. Капитал құнын бағалаудың әдістері

Капитал құнның поэлементтық бағалау әдісі.

Функционалды ұзақтық бойынша корпорация активтері мен пассивтері ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді. Пассивтің қайсы бір элементтерінің мобилизациясы активтерді қаржыландыру үшін келесі белгілі шығындарымен байланысты:

-акционерлерге дивиденттерін төлеу

-пайыздар- корпоративтік облигациялар иелеріне

- берілген несиелер үшін банктерге пайыздар

Бұл көздердің құрылымы айрықшаланады және ол кәсіпорының түріне және кәсіпкерлік қызметке байланысты болады. Сонымен қатар, әр қаражат өз бағасы бар, сондықтан капитал бағасын орта арифметикалық өлшеу формуласымен анықтайды. Кейбір қаражат көздеріне бағаны нақты белгілеуге болады (акционерлік капитал, банктік несие бағасы және т.б). Ал басқа көздер бойынша осындай Есептеу қиынырақ (мысалы, жинақталған пайда, несиелік қарыз).

Ақша қаражатының жалпы көлемі, белгілі бір ақша ресурстарын тартқаны үшін төлеуге қажет, осы көлемге пайызбен бейнеленген, ол капитал бағасы деп аталады. Айналыс активтері қысқа мерзімді міндеттемелер арқылы қаржыландырылады, ал айналыстан тыс активтер ұзақ мерзімді міндеттермелер және меншікті капитал арқылы. әр түрлі көздерден тартылатын қаражаттар бойынша шығындардың жалпы сомасы оптимизацияланады.. Капитал құн көлемінің бағытын біле отырып, корпорация активтеріне салынған қаражаттың тиімділігінің салыстырмалы талдауын жасауға болады, инвестициялық жобаның бағалалануын қоса.

Капитал құнын интегралды бағалау әдісі. Осындай жалпы өлшеуіш ретінде капиталдың орташа өлшенген құны қызмет атқарады (КОҚ- капиталдың орташа өлшенген құны). КОҚминималды пайда шамасын көрсетеді, инвесторлар өздері салған салымдардан күтетін. Өткізу үшін таңдалған жобалар ең аз деген рентабельділікті қамтамасыз етуі тиіс, КОҚ қарағанда. КОҚ ты қаражаттың әр түрлі түрлерін тарту бойынша жекеше бағаның орта мөлшерлі көлемі ретінде Есептейді:

- акционерлік капитал
- облигациялық заемдар
- банк несиесі
- банк қарыздары
- пайданың орналастырылмауы.

КОҚ (WACC) Есептеудің стандартты формуласы

$$КОҚ = \sum_{i=1}^n B_i \times Y_i$$

B_i - жылдық қайнар көздің бағасы, %

Y_i -олардың жалпы көлеміндегі жылдық қайнар көздің үлес салмағы, үлес бірлігі

n -қайнар көздердің саны ($n=1,2,3,...$)

Тәуекел тұрғысынан қарағанда КОҚ капитал салынған пайданың тәуекелсіз ретінде анықталады.(әдетте мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстылықтың орташа нормасына тең).КОҚ тұжырымдамасы жан жақты және көптеген калькуляцияларды өткізуді білдіреді .Бүгінгі күнде экспресс- әдісі мүмкін, мұнда КОҚ орнына банктік % орташа ставкасы қолданылады (теңге немесе валюталық несиелер мен депозиттер). Мұндай әдіс әбден қисынды, себебі инвестиция нұсқасын таңдағанда күтілетін инвестиция рентабельділігі (R_i) несиенің ($R_i > O\Gamma$) орта деңгейі пайызынан көп болуы керек.

Меншікті және заемдық капиталды салыстыру әдісі.

Капитал құнын бағалау процессінде мынаны ескерген жөн, оның құрамындағы элементтері баланста бірдей бейнеленбейді. Корпорацияға берілген заемдық капиталдың бағасын нарық деңгейімен бағалайды. Ал меншікті капитал нарық бағасынан төмен болады.МК көлемінің бағасы төмен болғандықтан, қаржылық Есептеу процессінде оның құнын жалған түрде көтереді.

КОҚ Есептемесінің салыстырмалығын қамтамасыз ету үшін оның меншікті бөлігінің көлемі қазіргі нарықтық бағамен бейнеленуі керек. Сол үшін біріншіден акционерлік қоғамның таза активтердің бағасын анықтайды, ол меншікті капитал арқылы пайда болған: $TA = \text{активтер} - \text{пассивтің міндеттемесі}$ (“Алдағы кезең табыстары”бапсыз) – мақсатты қаржыландыру.

Содан соң таза активтердің құрамын бекітеді.Айналымсыз активтер және дэсмаяда тұрған айналым активтерінің бөлігі өзіндік капитал арқылы төленеді.Берілген активтердің қосындысы жаңадан бағалау нәтижесіндегі меншікті капиталдың қазіргі нарықтық бағасын сипаттайды,ол КОҚ салыстырмалы Есептамесінде қолданылады.

Капитал құнның динамикалық бағалау әдісі

КОқ көрсеткішіне әсер етуші факторлар өте өзгөрмелі.Капитал элементтерінің бағасы өзгөрмелі болғандықтан КОҚға әрқашан да өзгертулер енгізу керек.Қалыптасқан капитал бағасын бағалау үшін нақты көрсеткіштер қолданылады, олар бөлек элементтердің бағалауымен байланысты. Капиталдың болжамдық құнын бағалаудың өзінің мүмкіншіліктері бар, оло қаржы нарығындағы коьюктураға, қаржы нәтижесінің динамикасына, өзіндік төлеу қаблеттігіне, инвестициялық тәуекел деңгейінежәне т.б. негізделген.

КОҚ қазіргі және келешектегі құнын бағалау қатынастарының әдісі .

Осындай өзара байланыс капитал бағасының шексіз көрсеткіші көмегімен қамтамасыз етіледі.(ПСК- Marginal Cost of Capital, MCC).Бұл КОҚ-ның корпорациямен қосымша тартылатын оның әр бір жаңа бірлігінің сомасына өсім көрсеткіші.Шекті капитал бағасы мынадай шығындарды сипаттайды, қаржы нырығында қалыптасқан жағдай кезінде, капитал құрылымы талап ететін қайта өндіру үшін корпорацияның жұмсайтын шығындары .. Капиталдың шекті Есептеу құнын мына формуламен іске асырады. $KШҚ = \Delta КОҚ / \Delta K$

КОҚ- капитал құнның орта өлшемінің болжам кезеңдегі көтерілуі, %

K -болжам кездегі барлық капиталдың көтерілуі, %

Корпорацияның әр деңгейінде меншікті және займды қаражат арқылы қосымша капитал тартуының өз шегі ба.Пайда арқылы меншікті капиталдың өсімі оның көлемімен шектелген.қосымша тартылған капиталды тиімді пайдаланудың шекарасын анықтау.

Мұнда анықтаушы параметр капиталдың шекті тиімділігі КШҚ:

$$КШҚ = \Delta КОҚ / \Delta K$$

КОҚ-капитал рентабельділігінің өсу деңгейі, %

К-КОҚ – өсуі, %

Келтірілген бағалау ұстанымы басты көрсеткіштердің жүйесін тандап алуға мүмкіндік береді, ол капитал бағасының және тиімділік критерилерін қазіргі және келешекте қолданылуын көрсетеді.

9.5. Капитал левериджі

Капитал левериджі. Қаржы тұтқасының (рычагының) эффектісі – несиенің төлемділігіне қарамастан, оны қолдану арқылы алынған меншікті капитал рентабельділігінің өсімі.

Несиенің орта Есептік пайыздық мөлшерлемесі мына формуламен Есептеледі: $ПМорт = ҚШн * 100 / \sum ЗК$
ҚШн-несиенің барлық Есептеу кезеңінде төленген нақты қаржылық шығындары (төленген % қосындысы);

$\sum ЗК$ -заем құралдарының жалпы қосындысы, ол Есептеу кезеңінде тартылған.

Берілген формула тәжірибеде көп қолданылады, ол акционерлік қоғамның займдық қаражаттарының орташа бағасын белгілеуге мүмкіндік береді.

ҚРЭ Есептемесінің жалпы формуласын келтіреміз:

$$ҚРЭ = (1 - Мпс) * (Ра - ПМорт) * ЗК / МК.$$

Мынада:

Мпс- пайдадан алынған салық мөлшерлемесі, үлес бірлігі

Ра-актив рентабельділігі, %

Пморт- несиенің орта Есепті пайыздық мөлшерлемесі, %

ЗК-капитал заемы, тг

МК-өзіндік капитал, тг

(1-Мпс)-салықтық түзетулер

(Ра-Пморт)- қаржы рыногының дифференциалы

ЗК/МК-қарыз коэффициенті.

Қорытынды:

1. Егер корпорацияға жаңа займ ҚРЭ деңгейінде өсім әкелсе, ол тиімді деп саналады
2. Соған қарамастан, дифференциал жағдайын бақылау керек: қарыз коэффициентінің өсу жағдайында, банк заемдық құралдардың бағасын өсіру арқылы несиелік тәуекелдің көтерілуінің орын толтырады.
3. кредитордың тәуекелі дифференциал көлемімен бейнеленеді: белгілі параметр көп болса, онда банкте несиелік тәуекел аз және де керісінше. Көбінесе Батыс экономистерінің ойынша. “алтын орта”-ның деңгейі 30-50% құрайды. ҚРЭ актив рентабельділігінің үштен бір деңгейіне тең болуы керек. Сонда ғана ҚРЭ салық төлемдерін және меншікті қаражаттың қайтарымын қамтамасыз етеді. ҚРЭ Есептемесі мына сұраққа жауап бере алмайды, (Нпм) несиенің шекті пайыздық мөлшерлемесі қандай болу керек, одан жоғары жағдайда корпорация банкпен несиелік келісімшарқа отырылуы тиімді еместігін көрсетеді. Несиелік келісімшартта берілген мөлшерлеме орындалса онда корпорация меншікті капитал рентабельділігінің деңгейін сақтай алады.

9.6. Капитал құнымен құрылымы арасындағы байланыс

Капитал құнның көрсеткіші, кәсіпорының нарықтық құны мен капитал құрлымы арасындағы байланысын анықтайды. Бұл байланыс осы көрсеткіштер кешенің басқару процессінде, біртұтас критерилердің құрлымы мен басқару әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.. Капитал құрлымының оптималдық жағдайын жасағанда, КОҚ-ның минимализациялау алғы шарт қалыптастыруға болады. Оптимизацияның негізгі критерилері:

- кәсіпорын қызметінің табыстылық және тәуекел деңгейі
- КОҚ минимализациясы
- Кәсіпорынның нарық бағасының максимализациясы.

24 - ДС. Т -10 Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары

10.1 Қаржылық талдау ұғымы, қаржылық тұрақтылықты талдау, қаржылық тұрақтылық.

10.2. Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау

10.1 Қаржылық талдау ұғымы, қаржылық тұрақтылықты талдау, қаржылық тұрақтылық.

Корпорацияның қаржылық жағдайы оның қаржылық қаражаттарын қалыптастыру және қолдану процессін анықтайтын көрсеткіштер жиынтығымен сипатталады. Нарықтық экономикада кәсіпорынның қаржылық жағдайы оның ақырғы көрсеткіштерін көрсетеді. Кәсіпорынның ақырғы көрсеткіштері оның жұмысшыларын ғана емес, сонымен бірге оның экономикалық жұмысының, мемлекеттік, қаржының, салық органдары және басқа да серіктестіктерді қобалжытады. Ұйымның қаржылық жағдайы қаражаттардың орналастырылуымен және қолданылуымен (активтер) және қалыптасу көздеріне байланысты сипатталады (меншікті капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер). Ұйымның қаржылық жағдайының талдауының міндеттері болып табылады:

- ұйымның мүліктік жағдайын бағалау. мүліктің құны, құрылымы және қалыптасу көздері;
- ұйымның автономдығы мен қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерін анықтау;
- ұйымның төлеу қабілеттілігі.

Қаржылық жағдайдың талдауын өткізу үшін ақпараттық база болып бухгалтерлік құжаттар саналады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының талдауы келесі талдау түрлерін өткізуін қосады:

1. кәсіпорынның қаржылық жағдайының бағасы және қаржылық көрсеткіштерінің өзгеруі;
2. кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының төлеу қабілеттілігін талдау;
3. кәсіпорынның несиелеу қабілеттілігін талдау;
4. қаржылық нәтижелерін талдау;
5. айналым активтерін пайдалануын талдау.
6. кәсіпорынның потенциалды құлдырауының бағасы.

10.2. Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау

Қаржылық жағдай-кәсіпорынның ең маңызды сипаттамасы болып табылады. Ол кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін айқындайды. Кәсіпорынның серіктестіктері мен акционерлерін қызықтыратыны процесс емес, нәтиже, яғни Есепті кезеңнің қаржылық жағдайының көрсеткіші. Сонымен бірге, кәсіпорынның қаржылық жағдайы салық органдары үшін маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы банктер үшін оған қандай пайызбен және қандай мерзімге беру мәселесін шешу уақытында маңызды критерилерінің бір болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық кәсібінің терең талдауының ортақ бағдарламасы келесі түрде көрсетіледі:

1. шаруашылық субъектісін алдан ала қарастыру.
2. шаруашылық етуші субъектінің қаржылық жағдайын бағалау.
 - 2.1. мүліктік жағдайының бағаланылуы:
 - аналитикалық нетто-балансының құрастырылуы;
 - вертикальді балансының талдауы;
 - горизонтальді балансының талдауы;
 - мүліктік жағдайында сапалық қозғалысының талдауы.
 - 2.2. қаржылық жағдайдың бағалануы:
 - ликвидтікті бағалау;
 - қаржылық тұрақтылығының бағалануы;
3. шаруашылық етуші субъектінің шаруашылық кәсібінің бағалануы және нәтижесін талдау.

Қаржылық талдаудың әдістемесі А.Д.Шеремет пен Р.С.Сайсру бойынша үш топқа бөлінеді:

1. кәсіпорын қазметінің қаржылық нәтижесін талдау.
2. қаржылық жағдайының талдауы.
3. қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін талдау.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін ең маңызды ақпараттың бірі оның бухгалтерлік балансы болып табылады:

- қаржылық нәтижелерінің және пайдалануының есебі;
- балансқа қосымша.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау әдістемесі кәсіпорынның қаржылық жағдайын басқару және оның іскер серіктестіктерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін керек.

25-ДС. Корпорацияның қаржылық жағдайын және қаржылық тұрақтылыққа жетуін бағалау.


10.3. Корпорацияның қаржылық стратегиясы

10.4. Қаржы стратегияның міндеттері мен корпорацияның қаржылық тұрақтылығына жетудің

10.3. Корпорацияның қаржылық стратегиясы

Корпорацияның стратегиясын жасау барлық ресурстарды тиімді бөлуге және қолдануға мүмкіндік береді: материалдық, қаржылық, еңбектік және технологиялық осыған байланысты бәсекелестік ортада нарықты тұрақты жағдайға ие болу.

Осы байланыста ең алдымен басқарудың реактивті формасынан талдау мен болжау негізіндегі басқаруға өту қажет (1 сурет)



Тиімді корпорацияларда стратегияны жасау мыналардың негізінде іске асырылады: өндірілетін өнім нарығының дамуына болжау жасау, потенциалды тәуекелді бағалау, қаржылық шаруашылық жағдайды және корпорацияларды басқарудың тиімділігін талдау, сонымен қатар корпорацияның күшті және әлсіз жақтарын талдау (2 сурет). Корпорацияның жалпы стратегиясы жүйелі болуы керек, яғни капитал құрылымын және корпоративтік ағымдардың реттілігін ескеруі қажет, сол себепті ол корпоративтік бірігу типіне тәуелді. Жиынтық түрде инвестициялық және несиелік стратегия корпорацияның қаржылық стратегиясын құрайды.



Стратегияны жасау бірнеше деңгейлерді іске асырудың тұрады:

1. Ұзақ мерзімді перспективаларды бағалау
2. Даму болжамы
3. Мақсатты сезіну
4. Күшті және әлсіз жақтарды талдау
5. Стратегиялық альтернативаларды жалпылау
6. Оптимизация критерилерін жасау
7. Оптималды стратегияны таңдау
8. Іс шараларды жоспарлау.

10.4 Қаржылық стратегиялық мақсаттары және корпорацияның қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары.

Кәсіпорының негізгі өмір сүру кепілдігі қаржылық тұрақтылық болып табылады.

Кәсіпорының тұрақтылығына әр түрлі факторлар әсер етеді:

- 1.кәсіпорының тауар нарығындағы орны.
- 2.арзан және сұраныста болатын тауарлардың өндірілуі.
- 3.іскерлік қарым-қатынастағы потенциал
- 4.айналым несиелендірушілер мен инвесторлардың тәуелдінін дәрежесі.
- 5.дебиторлардың саны (төлей алатын)
- 6.шаруашылық және қаржылық операцияларының нәтижесі.

Ішкі тұрақтылық –кәсіпорының жалпы қаржылық жағдайы.

Жалпы тұрақтылық–ақша ағымының қозғалысы арқылы жеткізілер.

Қаржылық тұрақтылық–шығын және табыстың көтерілуі арқылы анықталады.

Қаржылық тұрақтылық кәсіптік-шаруашылық кәсібі процессте пайда болады.

Қаржылық тұрақтылық-қаржылық ресурстар бір қалпы,олардың пайдалануы мен орналастырышуын,кәсіпорының дамуын қамтамасыз ете алатын пайда және қор төлей алу қабілеті және несие төлеу қабілетін сақтау.

Кәсіпорының қаржылық тұрақтылығына көп факторлар әсер етеді;олар мыналарға бөлінеді:

- пайда болу орны: ішкі және айналым;
- нәтиженің маныздылығы:негізгі және екінші кезекті;
- құрылымы: жай және күрделі;
- уақыт ұзақтылығы: уақытша және тұрақты.

Талдау өткізу уақытында негізгі көңіл ішкі факторларға аударылады.Кәсіпорының жұмысынан тәуелді және оларға әсер ету мүмкіндігі.

Ішкі факторларға жатады:

- 1.кәсіпорының салалық болуы.
- 2.шығарылатын өнімнің құрылымы,оның жалпы төлеу қабілеттілік сұранысындағы үлесі.
- 3.төленген жарғылық капиталдың мөлшері
- 4.шығындар мөлшері, олардың динамикасы ақшалай табыстарға қарағанда..
- 5.кәсіпорының мүліктік және қаржылық ресурстарының жағдайы ,қорларын қоса алғанда және олардың құрамы мен құрылымы..

Айналым факторларға экономикалық шарттардың шаруашылық әсерінжатқызады: техника, технология, төлем қабілеттілік сұранысы және тұтынушылардың табыс деңгейі, үкіметтің салықтық және несиелік саясаты, кәсіпорын қызметін бақылау бойынша заңнамалық актілер, айналым экономикалық байланыстар, қоғамдағы құндылықтар жүйесі және т.б..Осы факторларға кәсіпорын әсер ете алмайды,ол тек олардың әсеріне үйренуі мүмкін.

Қаржылық тұрақтылықтың талдауы бір неше деңгейден тұрады:

- 1)қаржылық тұрақтылықтың бағалық және талдаулық абсолюттілігі,
- 2)кәсіпорының қаржылық тұрақтылығының саны мен сапасының әсер етуі.
- 3)кәсіпорының қаржылық тұрақтылығы және төлеу алу қабілетінің көтеруін қамтамасыз ету үшін басқару шешімін қабылдайды.

Қаржылық тұрақтылықтың жағдайын қайсы бір күнге талдау кезең ішінде кәсіпорын қаржылық ресурстарды қаншалықты дұрыс басқарғанын анықтауға мүмкіндік береді.Қаржылық ресурстардың жалпы нарықтың талаптарына және кәсіпорының дамуының сұранастарына сай болуы өте маңызды болып келеді.Кәсіпорының қаржылық тұрақтылығы оның көрсеткіштеріне тәуелді;меншікті айналыс қаражаттың болуына,дебиторлық қарызға,кредиторлық қарызға,Есеп шоттарда және кассада ақша қаражаттарының мөлшеріне.Сондықтан,осы айтылған қаржының категорияларымен айналым қорын басқара отырып,олардың қаржылық тұрақтылығын қадағалау мүмкіндігі туады.

26- ДС Т -11 Корпорацияның қаржылық қабілетсіздігі және қаржылық сауықтырылуы

11.1. Банкроттықтың ұғымы, белгілері және принциптері

11.2. Фирманың дағдарыстық жағдайының пайда болуының механизмі

Ұсынылатын әдебиет

- 1 В.В. Бочаров, В.Е. Леонтьев Корпоративные финансы Москва «Питер», 2004.
- 2 Брейли Р., Майерс С. принципы корпоративных финансов/ Олимп-Бизнес,2005
Пер. с англ.-М.,

11.1. Банкроттықтың ұғымы, белгілері және принциптері

Банкроттық (қаржылық құлдырау) - шаруашылық субъектісінің өзінің қаржылық міндеттемелерін төлеуге және қаражаттың жоқтығынан ағымды қызметін қаржыландыруға қабілетсіздігін құжат түрінде бекіту.

Банкроттық – соттың шешімімен қарызгердің қабілетсіздігін қабылдау, бұл оның ликвидациялануына негіз болып табылады.

Қарызгердің қабілетсіздігін бекіткен кезде оның орндау мерзімі келген міндеттемелері ескерілуі тиіс, сонымен қатар қабылданған және орындауда жатқан.

төлем қабілетсіздік – қарызгердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де ақшалай сипаттағы талаптарды орындай алмауы;

мүмкінсіздік- кредитордың ақшалай міндеттемелері бойынша, еңбекақыны төлеу талаптарын қоса алғанда қарызгердің қабілетсіздігін сотпен немесе қарызгермен қабылдау;

Банкроттықтың негізгі белгісі болып кәсіпорынның төлем мерзімі келген күннен үш ай ішінде талаптарды орындай алмауы. Бұл мерзім өткенен кейін кредитор қарызгер-кәсіпорынды банкрот деп тануға арбитражды сотқа шағым беруге құқығы бар.

Банкроттық мүмкіндіктің диагностикасы үшін мыналарға негізделген бірнеше әдістер қолданылады :

- а) критерилер мен белгілер жүйесінің тренділік талдауына;
- б) көрсеткіштердің шектелген шеңберіне;
- в) интегралды көрсеткіштерге;
- г) кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының нарықтық критерийлерінің базасында рейтингтік бағалау және т.б.;
- д) факторлық регрессиондық және дискриминантты үлгілер.

Банкроттық белгілерін екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа алдағы кезеңдегі мүмкін болатын банкроттық және қаржылық тұрақтылық мүмкіндігін куәландыратын көрсеткіштер жатады:

1. өндірістің құлдырауымен, сату көлемінің азаюымен шығындылықпен бейнеленетін негізгі қызметтегі қайталанатын мәнді жоғалтулар;
2. мерзімі өткен кредиторлық және дебиторлық қарыздың болуы;
3. ликвидтілік коэффициенттерінің төмендігі және олардың төмендеу тенденциясы;
4. зайымдық капиталдың оның жалпы сомасында қауіпті жоғарлауы;
5. меншікті айналым капиталының дефициті;
6. айналым капиталы ұзақтығының жүйелі ұлғаюы;
7. нормадан жоғары дайын өнім және шикізат қорларының болуы;
8. жағымсыз жағдайларда қаржылық ресурстардың жаңа көздерін қолдану;
9. тапсырыс портфеліндегі жағымсыз өзтерістер;
10. кәсіпорынның акцияларының нарықтық бағаларының құлауы;
11. өндірістік потенциалдың төмендеуі.

Екінші топқа мәндері ағымды қаржылық жағдайды дағдарысты деп қарастыруға мүмкіндік бермейтін көрсеткіштер, бірақ келешекте әрекетті іс-шаралар қолданбағанда кенеттен нашарлауды білдіреді.

Оларға жатады:

1. кәсіпорынның нақты бір жобаға шектен тыс тәуелділігі
2. негізгі контрагенттерді жоғалту;
3. техника мен технологияның жаңартылуын дұрыс бағаламау;
4. басқару аппаратының тәжірибелі қызметкерлерін жоғалту;
5. ырғақсыз жұмыс;
6. ұзақ мерзімді тиімсіз келісім;
7. капитал салымдарының жеткіліксіздігі және т.б..

Шаруашылық субъектісінің мүмкінсіздігі болуы мүмкін:

1. "апатты";
2. "жалған";
3. "байқаусыз".
4. әдейі банкроттық

11.2. Фирманың дағдарыстық жағдайының пайда болуының механизмі

Дағдарыстық жағдайға тән одан шығудың екі нұсқасы бұл экстрималды түрдегі кәсіпорынның ликвидациясы немесе дағдарыстан өту (сурет. 2.1).



Рис. 2.1. Басы, сыну пункті және кәсіпорын дағдарысының соңы
Дағдарыстарды әр түрлі критерилер бойынша топтастыруға болады. Келесі топтастыруды қолдануға болады:


- ◆ Кәсіпорынның стратегиялық даму дағдарысы;
- ◆ Кәсіпорынның өмірлік циклі кезіндегі дағдарыс;
- ◆ Дағдарыстың негізгі себептері;
- ◆ Дағдарыстың агрегатталған жағдайы;

Дағдарыстың негізгі себептері.

Кәсіпорын мақсатына қауіп төндіру деңгейі. Кәсіпорынның қалыпты жағдайының міндетті алғы шарттары болып табылады:

- а) төлем қабілеттілікті қолдау,
 - б) кәсіпорынның қарыздармен жүктелуін шығару/яғни пассивтердің активтерден жоғары болуы.
- Жүйелік мақсаттарды қолданып дағдарыс түрлерін анықтау мүмкін, мысалы стратегия, нәтижелер және ликвидтілік дағдарыстары.

Дағдарысты статистикалық жағдай деп қарастыруға болмайды, оны процесс ретінде қарастыру керек.



Сурет. **Мюллер** бойынша дағдарыстық процесс

Бұл сызбадан ерекше бөліп көрсету керек: дағдарысты тану нәтижелілігі дағдарыстың даму процессіне кері, яғни кәсіпорын дағдарыста екенін біледі, ал қандай деңгейінде екенін тек қана дағдарыс нәтижелері немесе ликвидтілік дағдарысы кезінде біледі.

Банкроттық алғышарттары әр түрлі – ішкі және айналым сипаттағы факторлардың әрекеті. Оларды келесідей сипаттауға болады.

Айналым факторлар.

1. Экономикалық
2. Саяси
3. ҒТП дамуымен байланысты халықаралық бәсекелестіктің күшеюі.
4. Демографиялық

Ішкі факторлар.

1. Меншікті айналым капиталының дефициті
2. Өндірісті ұйымдастырудың, техниканың және технологияның төмендігі.
3. Өндіріс ресурстарының қолдану тиімділігінің төмендеуі
4. Жоғары нормативті қалдықтарды жасау
5. Кәсіпорын клиентурасының нашарлығы
6. Өткізудің жоқтығы
7. Зайымдық қаражатты тарту.
8. Тез және бақыланбайтын.

12.3. Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігінің сатылары

12.4. Банкроттықтың формалары: бейбітшілік келісім, қайта ұйымдастыру, ликвидация.

12.5. Корпорацияның қаржысын басқарудың дағдарысқа қарсы стратегиясы және қаржылық емдеу

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 В.В. Бочаров, В.Е. Леонтьев Корпоративные финансы Москва «Питер», 2004.
- 2 Брейли Р., Майерс С. принципы корпоративных финансов/ Пер. с англ.-М., Олимп-Бизнес,2005
- 3 Ван Хорн ДЖ.К., Основы управления финансами. М.:Ф. и ст.,2006

Дағдарыстан болдырмау және өтуді, дағдарысқа әсер ету бойынша іс шараларды қолдану уақытын және нүктесін анықтау үшін дағдарыстық процессті әр түрлі деңгейлерге бөлу керек.

Кристек бойынша дағдарыстың бөлек деңгейлерін былай сипаттауға болады:

1. деңгей: потенциалды дағдарыс
2. деңгей: латентті/жасырны дағдарыс
3. деңгей: өткір өтімді дағдарыс
4. деңгей: өткір өтімсіз дағдарыс

Кәсіпорын банкротты болып арбитражды сотпен немесе оны ресми түрде қарызгер деп тану (оның ликвидациясы кезінде) кезеңінен кейін ғана орын алады. Қарызгер кәсіпорынға қатысты келесі процедуралар қолданылады (сурет. 2.5):

- ◆ Қайта ұйымдастыру,
- ◆ Ликвидациялық .

Қайта ұйымдастыру процедураларына жатады:

- ◆ Қарызгер мүлкін айналым бақылау;
- ◆ санация.

Конкурстық өндіріс кезінде ликвидациялық процедураларға жатады:

- ◆ арбитражды соттың келісімімен қарызгер кәсіпорынды міндетті ликвидациялау;
- ◆ кредиторлардың бақылауымен қарызгер кәсіпорынды ерікті ликвидациялау.



Сурет. 2.5. Қарызгер кәсіпорынға қолданылатын процедуралар

Талдау кезінде анықталған себептерге сәйкес тұрақсыздықты фиксация және минимизация бойынша шаралар өткізіледі, олардың мақсаты кәсіпорынды қалыпты функциялану деңгейіне шығару. Кәсіпорынды дағдарыстан шығарған кезде келешекте дағдарысқа түсу алға шарттарын жою керек, сол себепті кәсіпорынды дағдарыстан шығару бағдарламасы сенімділік пен тәуекелділіктің, табыстылық пен ликвидтіліктің және басқасының үйлесуіне негізделуі тиіс.

Кәсіпорынды дағдарыстан шығару іс шараларының тактикасы мен стратегиясы қаншалықты дұрыс қабылданғанына байланысты оның келешектегі перспективасы мен потенциалы тәуелді. Кәсіпорынды дағдарыстан шығару процессі қаржылық тұрақтылықты бір тіндеп жақсартуға бағытталған іс шараларды білдіреді. Суреттен көріп отырғанымыздай, процесс келесі деңгейлерден тұрады, оларды қысқаша былай сипаттауға болады:

- ◆ Қаржылық жағдай сапасын кешенді талдау – дағдарыс себептерін анықтау деңгейі;
- ◆ Мүмкіндіксіз кәсіпорынның қаржылық стабилизациясы – пайда болған жағдайдан шығу үшін кәсіпорынның қаржылық саясатын қатаңдату деңгейі;
- ◆ Қаржылық сауықтандыру мүмкіншілігін талдау – альтернативтерді іздеу деңгейі, олардың техника-экономикалық негізделуі, кәсіпорынды дағдарыстан шығарудың ең тиімді әдісін таңдау;
- ◆ Кәсіпорынды дағдарыстан шығару үшін инвестициялық бағдарлама жасау – кәсіпорынды қаржылық сауықтандыруға дайындау бойынша іс шараларды өткізу деңгейі;

- ◆ Кәсіпорынды дағдарыстық жағдайдан шығару – қаржылық жағдай сапасын жақсарту деңгейі және кәсіпорынды қаржылық тұрақтылыққа дейін жеткізу.



Сурет. Кәсіпорынды қаржылық сауықтандырудың іс шаралар кешені

(12 тақырып) 28 - ДС. Т -12 Корпорацияларды қаржылық жоспарлау

12.1. Қаржылық жоспарлаудың міндеттері мен принциптері

12.2. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері

12.1. Қаржылық жоспарлаудың міндеттері мен принциптері

Қаржылық жоспардың принциптері мен мәселелері. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері. Қаржылық жоспарлау мен өндірістік жоспарлар көрсеткіштерінің байланыстылығы.

Стратегиялық, ағымдағы және оперативті қаржылық жоспар. Қаржылық жоспар жүйесі мен құрылымы.

Қаржылық жоспар құру, құрастыру және бекіту ережелері. Стратегиялық қаржылық жоспарлау. Қысқа мерзімді қаржылық жоспарлау.

Табыстар, мен шығыстар, пайда мен залалдар жоспары. Қарыздардың негізгі сомасы мен қайтару пайыздарын: жоспарлау, Табыстар мен шығыстар, шахматтық баланс, оның құрылымы мен пайдаланылуы. Ақша қаражаттар ағымын, жоспарлау. Корпорацияның қаржылық стратегиясы. ,

Корпорацияның қаржылық жоспары мен қаржылық саясатын құру.

1. Қаржылық бақылаудың міндеттері мен қағидалары.

Р.Брейли мен С.Майерстің анықтамасы бойынша, қаржыландыруды жоспарлау –бұл:

- 1.Корпорациядағы инвестициялық мүмкіндіктер мен ағымды қаржыландыруды сараптау;
- 2.Қабылданатын шешімдердің салдарын болжау;
- 3.Соңғы жоспарға енгізу үшін мүмкін болатын бірқатар шешімдердің құсқаларын тоқталуын негіздеу;
- 4.Корпорацияның қолы жеткен нәтижелердің бекітілген қаржылық жоспар параметріне сәйкестігін бағалау.

Ф.Ли Ченг пен Д.И.Финнерти қаржыландыруды жоспарлауды дивиденттік, қаржылық және инвестициялық саясатты сараптау үрдісі ретінде, олардың нәтижелерін, ол нәтижелердің бірлестіктің экономикалық ортасына әсерін және мүмкін болатын тәуекел деңгейіне, жобалар таңдауына әсерін сараптау үрдісі ретінде түсінеді.

Жоспарлау

Қаржылық жоспарлаудың міндеттері:

1. Экономикалық, құқықтық, Есептік және нарықтық ақпаратты, сондай-ақ, бірлестіктің қаржылық және инвестициялық саясаты туралы ақпаратты қолдану;
2. Дивиденттер, қаржыландыру және инвестициялар туралы өзара байланысты бағалау және сараптау.
3. Келеңсіз жағдайлардың әсерінен құтылу мақсатында және жедел және ұзақ мерзімді шешімдердің өзара байланысын нақты байқау үшін басқарма шешімдерінің нәтижесін болжау.
4. Қабылданған қаржылық және инвестициялық жоспарлар шеңберінде орындалуы мүмкін шешімдерді таңдау.

5.Таңдап алынған шешімдер мен мақсаттардың,қаржылық жоспармен бекітілген,жүзеге асу нәтижелерін салыстырмалы бағалау.

Жоспарлаудың жалпы ережесі анықтайды.

- 1.Жүйелік жоспарлау қағидасы тұспалдайды;
- 2.Жеке бөлімшелер жоспарларын үйлестіру қағидасы білінеді
- 3.Қатысу қағидасы
- 4.Үздіксіздік қағидасы.
- 5.Бейімделу қағидасы
- 6.Дәлдік қағидасы.

Осы жалпы ережелерді қолдана отырып қаржылық жоспарлау қағидаларын мақсатқа сай нақтылау:

- 1.Қаржылық арақатынас қағидасы
- 2.Төлем қабілеттілік қағидасы
- 3.Күрделі салым пайдалылығы қағидасы
- 4.Тәуекелді теңдестіру қағидасы
- 5.Нарық қажеттіктеріне бейімделу қағидасы
- 6.Шекті рентабельдік қағидасы

Қаржылық жоспарлаудың басты мақсаты қаржылық ресурстардың мүмкін көлемдерін анықтау,ақша ағымын өзінің,қарызға алынған және қаржыландыру көздерін нарық қорынан алу арқылы көлемін анықтау.

Қаржылық жоспарлаудың маңызды объектілері

- 1.Сатылған өнімнен (тауар,жұмыс,қызмет) алынған түсім
- 2.Табыс және оны бөлу.
- 3.Арнайы белгілеу қорлары және оларды қолдану;
- 4.Бюджет жүйесіне салық және жинақ түрінде төлем көлемі
- 5.Мемлекеттік бюджеттік емес қорларға бірыңғай әлеуметтік салық ретінде салым енгізу.
- 6.Кредиттік нарықтан алынатын қарыз ақша көлемі.
- 7.Айналымдағы қаражаттың және қаржыландыру көздеріні толықтырудың жоспарлық қажеттілігі;
- 8.Капиталдың салым көлемі және оларды қаржыландыру көздері және т.б.

Жоспарлау деңгейі:

- өнімді жүзеге асыру шығындары анықталады.
- өнімді жүзеге асырдан түскен түсім көлемі Есептеледі.
- ақша қорлары Есептеледі;
- бірегей бағытталған (мысалы,амортизация) қаржыландыру көздерінің есебі жүргізіледі.
- жыл бойынша таратылған түсімнің көлемін анықтау
- бюджетке,бюджеттік емес қорларға түсім Есептеледі;

Қаржылық жоспарлаумен байланысты негізгі түсініктерді анықтау.

Қаржылық жоспар-бұл қаражаттық ағымды (бір жылға дейін) және ұзақ мерзімді (бір жылдан жоғары) кезеңге түскен немесе шығандалғанын бейнелейтін жалпыланған жоспарлық құжат.Бұл жоспар болашақ қаржы ағымын сапалы болжау үшін қажет.Осы жоспарлы құжат ағымды және түпкілікті бюджетті құруды,сондай-ақ қаржылық ресурстарды бір-үш жылға болжау үшін арналған (тоқсандық бөлгішпен).

Қаржылық жоспар кәсіпорынның бизнес-жоспарлануының ажырамас бөлігі.Ол бизнес-жоспардың материалдарының бағасын анықтау мақсатында жалпыланған.Қаржылық жоспар соңғы жоспар болып табылады.Ол жүзеге асыру мен өндірістің,өзіндік баға жоспарын,еңбек жоспарын және т.б.әзірлеуден кейін жасалады.

Соңғы кезде қаржылық жоспарлар белгілі бір сметалардың (бюджеттердің) түрінде құрылады.

Қаржылық жоспарды құру үшін құжаттардың әлемдік тәжірибесіне бірнеше стандарттарды дайындау керек.

- 1.Жүзеге асыру көлемін болжау
- 2.Қаржылай шығындар мен түсімдердің балансы
- 3.Табыс пен шығыс кестесі.
- 4.шығынсыз сызбаға жету.
- 5.кәсіпорынның табысі мен шығысының салыстырмалы балансы
- 6.қаржыландыру стратегиясын және даму сараптамасын жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізгі міндетті жаңа өніммен басып алуға қажет нарық туралы бейнелеу.

Жүзеге асырудың осындай болжамын үш жылға құрып,әр жылға бөлу ұсынылады:

-біріңші жыл-деректер ай сайын беріледі

-екінші жыл-деректер тоқсан бойы беріледі

-үшінші жыл-сатудың жалпы санасымен бірге 12 айға беріледі .

Қаржылық жоспар қаржылық менеджерлер және Есепшілермен құрылады.Қаржылық жоспарлар өндіріс пен кәсіпорынның көлеміне байланысты марлұны бойынша өте әр түрлі.

Типтік қаржыландыру жоспарының құрамына енеді:

1.табыс пен шығыс балансы

2.табыс пен шығыс кестесі

3.активтер мен пассивтердің салыстырмалы балансы

4.шығынның өнімге жету сызбасы.

5.дамудың сараптамасы және қаржыландыру стратегиясы.

Бюджет – бұл жедел қаржыландыру жоспары,бір жылға дейін (ай,тоқсан,жартыжылдық) құрылатын,шығындар мен өндіріс қызметінің инвестициялық және қаржылық қызметін бейнеледі.Корпоративтік басқару қаражатымен бюджеттің екі түрі қолданылады – операциялық және қаржылық.

Бюджеттендіру – бұл нақты бюджеттерді жедел қаржыландыру (мысалы,алдағы ай немесе тоқсан шығындар бюджеті) мақсаттарымен сай нақты бюджет процестерін әзірлеу.

10.2. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері

Қаржылық көрсеткіштерді жоспарлау бірнеше әдістердің көмегімен жүргізіледі.

Жоспарлау әдістері – бұл жоспарлық Есептердің нақты әдістері мен тәсілдері.

Бұл әдістерге жатады:

-Есептік-аналитикалық;

-нормативтік

-баланстық

-жоспарлық шешімдерді ұлғайту;

-экономикалық-математикалық үлгілеу.

29 -ДС. Т-12 Корпорацияларды қаржылық жоспарлау.

12.3. Стратегиялық ағымды және оперативті қаржылық жоспар

12.4. Перспективалық қаржылық жоспарлау

Кәсіпорынның ағымды және ұзақ мерзімді кезеңдерінің қаржылық потенциалын анықтау үшін кәсіпорын қаржылық жоспардың (бюджеттердің) бірнеше түрін әзірлейді.Ұсыныс тәртібі бойынша олар 1 суретте топтастырылған .

Қаржылық жоспар өнімді өндіру бойынша,материалдық ресурстарды сатып алу,маркетинг,инвестициялар,ғылыми зерттеулер және әзірлемер және т.б. жоспарларымен байланысты.

Қаржылық жоспарды тағайындау:

-орта мерзімді қаржылық перспективтерді болжау. Орта мерзімді қаржылық жоспар тоқсан бойынша көрсеткіштерді таратумен бір жылға жасалады.

-ағымды табыстер мен шығыстарды анықтауда.

Қазіргі кәсіпорындардың (корпорациялардың) қаржылық жоспарларының түрлері.

1.шығынсыздық кестесі (бизнес-жоспардың құрама бөлшегі)

2.шығыс пен табыстың жоспары (баланс)-тоқсан,жартыжылдық,жыл.

3.инвестициялық жоспар (бюджет)-тоқсан,жартыжылдық жыл.

4.бухгалтерлік және таза табысты орналастыру жоспары –тоқсан,жартыжылдық,жыл.

5.төлемдік баланс (күнтізбе) – көрсеткіштері декадаға айға бөлінген.

6.кассалық жоспар (өтінім),алдағы тоқсанға немесе айға (банк жеткішісінің қалауы бойынша).

7.кредиттік жоспар –тоқсан,жартыжылдық,жыл.

8.валюталық жоспар –тоқсан,жартыжылдық,жыл.

9.салықтық жоспар –тоқсан,жартыжылдық,жыл.

10.табыстер мен шығыстар бюджетті- тоқсан,жартыжылдық,жыл.

11.ақша қозғалысының бюджеті- тоқсан,жартыжылдық,жыл.

12.баланстық тарау бойынша бюджет (алдағы тоқсанның соңына арналған активтер мен пассивтер балансының болжамы).

13.қалыптасу және айналымдағы активтерді қаржыландыру бюджеті- тоқсан,жыл.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін ағымды бақылау үш құжатты әзірлеуден тұрады: ақша қозғалысының жоспары,табыс пен шығыс туралы Есеп жоспары,бухгалтерлік балансның жоспары.

Ағымды қаржылық жоспар бір жылға тең кезеңге құрылады.бір жыл ішінде нарықтың кезеңдік ауытқу конъюктурасы түзеледі.Сондай-ақ уақыттын осы кезені Есеп кезеңінің заңдық талаптарына сай келеді.

Жылдық қаржылық жоспарды тоқсандың немесе айлық жоспарға бөледі,себебі жыл бойы ақшаға қажеттілік өзгеруі мүмкін және қандай да бір тоқсанда (айда) қаржылық ресурстар жетіспейді.

Жылдық немесе тоқсандық қаржылық жоспарлар шеңберінде жоспарлық көрсеткіштерде айлық ауытқулар бейнеленбейді. Ондай ауытқулар бірінші-15-20 күнге болады,яғни,сатып алынған материалдық ресурстарды төлеу кезінде болады.Сондықтан қаржылық жоспарды жиынтық табыс пен шығыстың декадалық бөлуімен,сондай-ақ орындалу жөнінде Есеп беру арқылы орындау керек.

Жоспар тапшылық толығымен жабылса ғана аяғына дейін құрылды деп Есептелінеді.

Өнімді жүзеге асырудан түскен түсім.

Бастапқы нүкте ретінде алдыңғы жылғы жүзеге асырудан түскен түсім алынды.Бұл көрсеткіш ағымдағы жылы өзгереді,өзгеру нәтижесінде болады:

- салыстырмалы өнімнің өзіндік құны
- кәсіпорынның жүзеге алатын өнімінің бағасы
- сатып алынатын және толықтырылатын материалдар бағасы
- негізгі қаражатың және кәсіпорын салымының бағасы.
- еңбекті төлеу (мүмкін болатын инфляцияға байланысты)

Бұл факторлардың былтырғы жылдың түсіміне әсерін бағалауға статистикалық сараптау әдісі қолданылуы мүмкін.

Жылдық қаржылық жоспардың келесі құжатына табыс пен шығыс туралы жоспарлық Есеп жатады,онда алдағы жылға жоспарланған түсімнің көлемі мен мөлшері нақтыланады.

Іс жүзіндегі көрсеткіштер мен жоспарлық көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде қаржылық бақылау жүзеге асады.

Жедел қаржылық бақылау.

Жедел жоспарлау кәсіпорынның қаржылық жетістігін қамтамасыз ету үшін қажет.Сондықтан да оны құру кезінде кәсіпорынның даму саласында экономикалық даму тенденцияларын,инфляцияны,технологиядағы және өндіріс үрдісін ұйымдастырудағы мүмкін болатын өзгерістерді пайдалану керек.

Жедел қаржыландыру төлем күнтізбесін,кассалық жоспарды және қысқамерзімді кешеді қажеттілік есебін құрайды.

30- ДС. Корпорацияларды қаржылық жоспарлау

12.5. Табыстер мен шығындардың, пайда мен шығындардың жоспары

12.6. Табыстер мен шығындарды; жауапкершілік орталықтарын (бюджеттеу) бақылау

1.Ең негізгі қаржы жоспары баланстан тұрады. Яғни кәсіпорынның табыстері мен шығыстары.Осы жоспарды әзірлеудің бірнеше деңгейлері болады:

- периодтағы баланстың табыстері мен шығыстарына баға беру.
- алдағы периодқа қаржы жоспарын әзірлеу.

Жоспар кварталдардан тұрады,ай сайынғы бөлу:

- жоспарлы табыстер мен шығыстардың балансы
- алдын-ала
- орындалушы.

Қаржы жоспарының бөлімдері:

I.табыстер мен түсімдер

II.шығыстар мен Есептер шығару.

III.бюджет,бюджеттік емес фондтар мен банктер арасындағы қарым-қатынас.

Бірінші бөлімге –реализацияланған өнімнің-НДС,реализациядан түскен пайда кіреді.

- реализациялық емес операциялардың табыстері.
- амортизация

-жөндеу қорының қаражаты.

-тұрақты пассивтердің өсуі.

Екінші бөлімге-реализацияланған өнімнің шығыны,НДС

- жөндеу қорының шығыстары
- капиталдық салымдар
- жанға алу төлемі
- операциялық шығыстар

Үшінші бөлімге

-кәсіпорынның пайдасына салынған салық

-НДС

-мүлік санығы

-судың төлемдері

-ұзақ мерзімді саудаларды төлеу

-алынған несиелелердің пайызын төлеу.

2) Капиталды бюджеттеу-нақты бюджеттің әзірлеу үрдісі, капиталдың құрылуы мен бөлінуі. Бюджеттік капитал-ағымдағы табыстер мен шығыстардың бақылануы, жоспарлы бюджетпен анықталады.

Смета-жоспарлы Есеп, кәсіпорынның қаржы ресурстарына байланысты қажеттілігін анықтау. Сметаның саналары жай емес.

Батыс корпорациялары қаржы анализінің ең негізгі 3 моделін қарастырады:

1. алгебралық деңгейдегі жүйе

2. тізбелі бағарламадағы модель

3. экономикалық модель